



ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКАНЫ РЕФОРМАЛАУ МАҢЫЗДЫ

Президент Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Жандос Шаймардановты қабылдады.

Мемлекет басшысына Қазақстан экономикасындағы құрылымдық және институционалдық реформалардың жүзеге асырылуына жасалған сараптама жұмыстары таныстырылды.

Бұдан бөлек, Президентке ұлттық статистиканы реформалау жөніндегі бағдарламаның іске асырылу

барысы және Ұлттық статистика бюросын цифрлық ведомствоға айналдыру жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы мәлімет берілді.

Агенттік төрағасы мемлекеттік статистика және деректерді басқару мәселелері бойынша заң жобасы әзірленгенін баяндады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік-экономикалық реформаларды сапалы әзірлеу маңызды екенін атап өтіп, осы бағыттағы жұмысты жалғастыруды тапсырды.

КҮЛІП КЕЛІП ӨМІРГЕ, КҮЛІП ӨТКЕН...

Көпен Әмірбек – қазақ сатирасының талантты өкілі. Ұғымға айналған есім. Жүрген ортасын әзіл-қалжыңға қарық қып, маңайына шұғыла шашып өткен тұлғаның өмірден озып кетуі жан жүрегіңе салмақ салады екен. Сан жыл аға-іні боп сыйласқан, сан сапарда бірге жүріп сырласқан сәттеріміз бар еді.



6
БЕТ

ОСЫ ЖҰРТ НҰРМАНОВТЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Белгілі жазушы Ақан Нұрмановтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр. Осыған орай Ұлттық академиялық кітапханада «Алыс та жақын Ақан Нұрманов» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиынға зиялы қауым өкілдері, жазушының көзін көрген қаламгерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері қатысты.



8
БЕТ

ЖҰМЫСЫҢА АМАН БАРЫП, САУ ҚАЙТШЫ!

Еңбек қауіпсіздігі мәселесі өзекті, өткір тұр. Мұны елдегі соңғы оқиғалар, соның ішінде «АрселорМиттал Теміртау» шахтасындағы алапат апат паш етті. Осы орайда Президент тапсырмасымен «2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасының» жобасы әзірленді. Бұған қоса, жаңа жәрдемақы түрі енгізіледі. Ол зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істейтін жұмысшыларға 55 жастан бастап зейнеткерлік жасқа толғанға дейін төленеді.



Еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау маманы Бағлан Умбаевтың айтуынша, өз жұмыскерлері үшін қауіпсіз еңбек шарттарын түзуге кәсіпорындардың, инвесторлардың өзі мүдделі болуға, соған

ұмтылуға тиіс. Себебі басшылығы еңбекті қорғауға салғырт қарайтын компанияның нарықта ұзақ уақыт әрі орнықты түрде табысты, беделді болып қалуы неғайбыл. Мұның сыртында, өндірістегі жазатайым оқиғалар,

ақаулар, апаттар кәсіпорынды дағдартады, жүйелі жұмысын бұзады, әрі ұжымында наразылық пен әлеуметтік кернеу туғызады. Мұның бәрі қомақты қаржылық, экономикалық шығынға соқтырады.

4»

ЖАҒАНДЫ ЖАЯУ КЕЗГЕН ЖИҒАНКЕЗ



«Атың барда ел таны, желіп жүріп» дейтін еді бұрынғылар. Ал 73 жастағы қария Сәрсенбай Қотырашев әлемді атпен емес, жаяу аралауды жөн деп тапқан екен. Қария былтыр «Ұлытауға бардың ба?» деп аталатын жаяу марафонымен бүкіл Қазақстанды аралап, кешегі Асан қайғы секілді еліміздің көрікті жерлеріне көз сүйсінтіп өтіпті. Сонымен қатар ақсақал биыл әлемнің бірнеше жерін де аралап, жақында елге оралды. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дегендей, еліміз бен әлемнің көптеген жеріне табаны тиген ақсақалды біз де әңгімеге тарттық.

8»



Нартай АРАЛБАЙҰЛЫ, Мәжіліс депутаты:

СПОРТҚА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫДА БЫЛЫҚ КӨП


Кеше Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Нартай Аралбайұлы спорт саласындағы былықтарды жайып салды. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нартай Сәрсенғалиев Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа жолдаған сауалында түсініксіз спорт түрлеріне бөлініп жатқан қаржының тым көп екенін айтты.

3»

ТОРҒАЙ ТҮЛЕТКЕН ТҮЛҒАЛАР

Ұлан-ғайыр қазақ даласының кез келген өлкесі киелі, қастерлі, қадірлі. Кең жазирамыздың әр жерінің тарихына терең бойлап, өткеніне үңілсеңіз, небір тың деректермен танысып, тау тұлғаларымыздың күреске толы өмір жолынан қанық боласыз. Соның ішінде топырағы бөлек, рухты өлке Торғай даласы туралы толғанбау мүмкін емес. Қойнауына талай құпияны бүгіп жатқан қарт Торғайдың таутасын түртіп қалсаң қалай сайрап берер екен, шіркін! Осындай қастерлі жердің тумасы, жерлесіміз, ақын Ғафу Қайырбеков: «...Торғайдың өзінен-өзі туралы аңызы өсіп кеткен өлке, даңқы озып кеткен дала» деп бекер айтпаған. Шындығында, Торғайдан шыққан тарихи тұлғаларды тізе бастасаң, санынан жаңыласың. Даңқты тарихын зерделесең, таңдай қағасың.

5»



ТЕРІ ТУЛАҚҚА АЙНАЛМАСЫН

Терідентонкиіп, елтіріден ішік жамылған бабаларымыз заманында мал терісінің құнын шынымен-ақ білген екен. Тулақты да итке тастамайтын қазақ бүгінде төрт түліктің терісі мен жүнін жинап, шетінен от қойып өртейтін болды. Сөйтпегенде қайтсын, асыл бұйымның аз да болсын, құны қалмаған.

Қазір тері мен жүн еліміздің ішкі нарығында мүлде жарамсыз болып қалды. Бұрынырақта тері жинап, жүн тиеп, ауыл-ауылды кезіп жүретін жүк көліктерінің қарасы көрінбегелі қашан. Тіпті, тәуелсіздік алған 90-шы жылдардың қиын-қыстау заманының өзінде осы кәсіппен шұғылданып, төп-тәуір қаражат тауып жүргендер де бар-тұғын. Олар қайда кетті? Қазір еліміздегі тері мен жүн өңдейтін фабрикалардың халі неге мүшкіл күйге түсті? Шикізатты шекарадан шығаруға бірде шектеу қойылса, енді бірде баж салығы күшейтілді. Әйтеуір, басынан «бұлт» кетпеген бұл сала тұралап қалды.

ТЕРІДЕН ТЕРІС АЙНАЛМА
Ауыл-аймаққа бара қалсаңыз, әр жерде шашылған жүнмен бірге

иленіп терінің де жататынын жиі көріп жүрміз. Ал көктемде малшы қауымы қойдан қыркылған жүнді маялап қойып, өртеп жатқанын да естіп біліп отырмыз. Неге бұлай деп, себебін де сұрап жатқан жан жоқ. Осы мәселенің мәніне үңіліп, Мәжіліс депутаты Қаракат Әбден арнайы депутаттық сауал жолдаған еді. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Бисімбайұлы өзіне бағытталған сауалға мардымды жауап берген жоқ. Депутат өз мәлімдемесінде: «Еліміздегі теріні өңдеу жұмысын жолға қоймағандықтан кәсіпкерлеріміз жылына 30 млрд теңгеден

астам қаражаттан қағылып отыр. Біз өзге елден үлгі ала жүріп, жүнді өңдеп, жоқ дегенде жылыту материалдарын жасай алмай отырмыз. Қазір жүннің әр келісін сырт елге 500 теңгеге сатып, дайын өнімді 100 есе қымбат бағаға қайта алып отырмыз. Мысалы 1 сиырдың терісін біз шет елге 1000 теңгеге ғана өткізеді екенбіз де сол теріден жасалған бұйымды 500 мың теңгеге сатып аламыз. Осы артта қалып бара жатқан сала қашан оң бағытқа қарай жылжиды?» — деген болатын.

(Жалғасы 5-бетте)



4 670202 1250024





ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Біріккен Араб Әмірліктеріне сапары барысында осы елдің Толеранттылық және қатар өмір сүру министрі шейх Нахаян бен Мубарак Әл-Нахаянмен кездесті. Сұхбат кезінде тараптар өзара серіктестікті одан әрі нығайту және парламентаралық ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады.

Кездесу барысында халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің стратегиялық ұстанымдары бір-біріне өте жақын екені атап өтілді. Нақты айтқанда, бейбіт қатар өмір сүруге ұмтылу және толеранттылық идеяларын дәріптеу, бүгінгі сын-қатерлер мен жаһандық проблемаларға қарсы тұру жолында күш жұмылдыру бағытындағы ортақ көзқарастар сөз болды. Абу-Дабиде өткен халықаралық конференцияда дін көшбасшыларының экологиялық мәселелерді шешуге қатысу мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Мәулен Әшімбаев климаттың өзгеруі жаһандық деңгейде, оның ішінде Қазақстан үшін де ең өзекті проблемалардың бірі екенін тілге тиек етті. Осыған байланысты ол Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің тұжырымдамасын іске асыру аясында аталған мәселелерді шешуге ықпал етуге дайын екенін жеткізді.

«Климаттың жаһандық өзгеруі біздің өңірде су тапшылығына және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда түрлі проблемаларға алып келеді. Бұл

мәселе бүкіл әлемге де қауіп төндіретіні анық. Сондықтан осы бағыттағы барлық сындарлы күштің бірлесіп әрекет етуі маңызды. Осындай күрделі кезеңде өзара түсіністік пен сыйластықты дамыту ерекше мәнге ие. Жаһандық проблемаларды, оның ішінде экологиялық мәселелерді шешуде дін қайраткерлерінің де әлеуетін тиімді пайдалану керек деп есептейміз», — деген Сенат Спикері алдағы COP28 Климат конференциясының сәтті өтуіне тілектестік білдірді.

Осы күні Мәулен Әшімбаев Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бин Заид Әл-Нахаянмен кездесті. Кездесуде дін лидерлерінің жоғары ролі сөз болды. Сондай-ақ рухани дипломатияның жаһандық мәселелерді және өзекті проблемаларды бейбіт жолмен шешуге ықпал етуі маңызды екені атап өтілді.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев «Авраам отбасының үйі» кешеніне барды. Кешен құрамында үш авраамдық дін — ислам, христиан және иудаизмнің діни ғибадатханалары бар.

Сапар кезінде қазақстандық делегация мүшелері Abu Dhabi Global Market халықаралық қаржы орталығының қызметімен танысты. Айта кетейік, жаһандық қаржы орталықтарының рейтингінде 32-ші орында тұрған бұл ұйым Астана халықаралық қаржы орталығымен де белсенді ынтымақтастық орнатып отыр. Аталған екі Ұйым арасында 3 тиісті меморандумға қол қойылған.

ПРОКУРАТУРАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Еліміздің Бас прокуроры Берік Асыллов Сианьда (ҚХР) ұтқын Шаххайынтымақтастық өткізімнен мүше мемлекеттер бас прокурорларының 21-отырысына қатысты.

Жыны ашылғанға дейін қадағалау ведомстволары басшыларын Қытай коммунистік партиясы Орталық комитетінің Саяси бюро мүшесі, Саяси-заң комиссиясы-

ның хатшысы Чэнь Вэньцин қарсы алды. Берік Ноғайұлы екі мемлекеттің прокуратура органдарының ынтымақтастығы артып жатқанын атап өтті.

ШЫҰ отырысында Үндістан, Иран, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Қытай, РФ, Пәкістан, Тәжікстан, Өзбекстан, Беларусь, Монғолия сынды бірқатар елдің прокуратура басшылары мемле-

кеттік жаңғырту, өңірлік қауіпсіздік, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес және прокурорлардың біліктілігін арттыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің өкілдері ел дамуындағы халықаралық қауіпсіздік пен құқықтық кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында аталмыш ұйымның ықпалын кеңейту, қаржы-экономика саласындағы қылмысқа, терроризм мен экстремизмге, есірткі мен киберқылмысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастықты арттыру, прокурорлық білім беру ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылды дамыту мақсатында келісімге келді. Кездесу қорытындысы бойынша прокуратура басшылары бұдан әрі өзара ынтымақтастықтың басым бағыттары мен тетіктерін айқындайтын хаттамаға қол қойды.

Сонымен қатар ШЫҰ алаңында Қазақстанның Бас прокуроры ҚХР Жоғарғы Халық прокуратурасының Бас прокуроры Ин Юнмен екіжақты кездесу өткізді, онда қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, заңсыз шығарылған активтерді қайтару және басқа да өзекті мәселелерді талқылады.

БАЛАЛАР НЕДЕН УЛАНДЫ?

Тексеруден кейін 11 оқушы үйіне қайтарылды, 2 мұғалім мен 33 оқушы медициналық көмек алып жатыр.

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Н.Киікбаев атындағы орта мектепте оқитын Байзақ ауданының орталық ауруханасына жатқызылған науқастардың жағдайы белгілі болды.

Аталған мәселе бойынша облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің тапсырмасымен арнайы комиссия құрылды.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, тексеруден кейін 11 оқушы үйіне қайтарылды, 2 мұғалім мен 33 оқушы медициналық көмек алып жатыр.

Ведомство балалардың жағдайы қалыпты екенін жеткізді.

«Бұл факті бойынша Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, Денсаулық сақтау басқармасы өкілдерінен тұратын арнайы жедел штаб құрылды», — деп хабарлады Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Айта кетейік, мектепте тамақпен қамтуға жауапты «Токсейітов» ЖК-ның жұмысы мән-жайлар нақтыланғанға дейін тоқтатылды. Мектеп оқшауланған, бактериологиялық зерттеу шаралары жүргізіліп жатыр.

ДЕПУТАТТАР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ КӨП



Парламент Мәжілісінің Жалпы отырысында қарау үшін палата бюросы 8 мәселе ұсынған екен. Олар — білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша, байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласының инвестициялық ахуалын арттыру, бизнес жүргізу мәселелері, қоғамдық бірлестіктер мәселелері, экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша және келісімдер мен хаттаманы ратификациялау туралы заң жобалары.

Отырысқа көптеген министрлік өкілдері және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Ербол Өстеміров шақыртылды. Соның ішінде депутаттар көбірек сұрақ қойғаны — «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы болды. Бұл құжат азаматтық қоғамды одан әрі дамыту және жаңа қоғамдық бірлестіктерді құру тәртібін оңайлату мақсатында әзірленген. Халықаралық стандарттарға сәйкес азаматтардың бірлестіктер құру бостандығына құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Заң жобасында: азаматтарға кемінде 3 адамнан тұратын қоғамдық бірлестік құруға мүмкіндік беру, республикалық маңызы бар қалалардың қоғамдық бірлестігінің мәртебесін айқындау сынды нормалар ұсынылып отыр. Соның аясында Азаматтық кодекске (Жалпы бөліміне), «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр. Баяндамашы Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға сұрақ қойған депутат Ермұрат Бапи құрылтайшылар санын 10 адамнан 3 адамға дейін азайту туралы өзгерісті оң бағалады. «Бірақ «таяқтың екі ұшы бар» демекші, осы жеңілдікті пайдаланып, радикалды діни топтар өзінің қоғамдық бірлестіктерін құруға мүмкіндік алмай ма?» деген қауіпін жеткізді. Десе де, Аида Ғалымқызы діни бірлестіктер құру бөлек заңмен реттелетінін және ол үшін жергілікті жерде 50 адам, ал республикалық деңгейде 5 мың адам жинау керек екенін жеткізді. Ал депутат Ерболат Сатыбалдин «бұл заңның саяси партиялар мен кәсіподақтарға қатысты күші бар ма?» деп сұрады. Өйткені құрылтайшылар санын азайту туралы хабар шыққалы осы сұрақ көптің көкейінде жүргені рас еді. Баяндамашы бұл жолы да ол ұйымдардың салалық заңнамалары бар екенін, саяси партиялар 700 адам, кәсіподақтар 10 адам жинау керек екенін айтты. «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев қоғамдық бірлестіктерді шетелдік компаниялар мен азаматтардың қаржыландыру мәселесіне алаңдаушылық білдірді. Бірақ, өкінішке қарай, министрдің қаржыландыруды қадағалау бұл заңның және біздің құзыретімізге кірмейді деген жауабы тұшымды болмады.

Депутаттардың ерекше назарын аударған келесі заң жобасы: Қазақстан мен Ресей арасындағы елімізге мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы болды. Құжаттың негізгі мақсаты — Келісімнің 3-бабындағы Ресей Федерациясында Ресей мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасына жеткізу кезінде уақытша мерзімді кедендік декларациялауды қолдануды алып тастау. Депутат Мұқаш Ескендіров баяндамашы Энергетика министрі Алмасадан Сәтқалиев пен Ермұхамбет Қоныспаевтан «Ресей мұнайы дегеніміз нақты не екенін және оның санкциялық зияны тиімі мүмкін емес пе?» деген сауал қойды. Алмасадан Майданұлы бұл коммерциялық мұнай емес екеніне сендірді. Оның айтуынша, біз тек Павлодар мұнай өңдеу зауытына берілетін 4,7 млн тонна мұнайды қайтарып береміз екенбіз. Осы мұнайға уақытша мерзімді кедендік декларациялауды қолдануды алып тастау керек. Олдан бөлек, авиакеросин, битум, бензин мен дизель отыны сынды мұнай өнімдерін маусымдық тапшылықтар кезінде орынның толтыру үшін де осындай процедура қажет. Десе де оны депутаттар сынап тастады. Ішкі нарықтағы тапшылықты жою үшін Ресейге қол жая бермей, төртінші мұнай өңдеу зауытын салуды шындап қолға алу қажеттігін айтқан олар, авиаотын тапшылығы уақытша емес, жыл бойғы сұраныс екенін де еске салды. Мұнайдың үстінде отырып, битум проблемасын бастан кешіріп отырғанымызды ашына жеткізді. Осы ретте Ресей мұнайын алдырудан санкциялық қауіп жоқ екеніне сендірген Үкімет өкілдері депутаттардың сынына барынша жауап беруге тырысып бақты.

Күн тәртібінен кейінгі кезек депутаттық сауалдарға келген еді. Өткен жолғы отырыс мемлекеттік бюджетті талқылауға ғана арналып, депутаттық сауалдар жолданбай қалғандықтан ба, осы жолы сөз алған халық қалаушыларының қатары көп болды. Мәселен, Нартай Аралбайұлы спорт саласын қаржыландырудағы келенсіздіктерді көтерсе, Бактықожа Ізмұхамбетов қазба байлықтарды пайдалану тиімділігін үйлестіру, мұнай-газ саласындағы электр қуатының жетіспеушілігін реттеу мәселесін қозғайды. Өз кезегінде «AMANAT» партиясының тағы бір мүшесі Гүлдіара Нұрымова Премьер-Министрдің

орынбасары Тамара Дүйсеноваға жолдаған сауалында резиденттураға қатысты күрделі мәселе туралы жеткізді.

«Біздің еліміздегі резидент дәрігер — заманауи құлдықтын тамаша үлгісі. Батыс елдерінде, резидент дәрігер — бұл жалақы алатын және салық төлейтін толыққанды денсаулық сақтау қызметкері. Ал бізде медицина саласында бакалавриатта 5 жыл оқып, 2 жыл міндетті интернатураны бітірген адам неге «студент» мәртебесіне ие болады деген сұрақ туындайды? Нәтижесінде, жас дәрігерді дайындау процесі 10 жылдан 12 жылға дейін созылады, толық дайындық 32-35 жаста аяқталады. Мысалы, басқа салаларда бакалавр дәрежесін алып, толыққанды маман болып шығу үшін 4 жыл қажет.

Резидентура, шын мәнінде, бар базалық білім мен дағдыларды толықтыру, жетілдіру болып табылады. Екінші жылы, кейде одан да ертерек резидент дәрігерлер бөлімшенің толыққанды ақылы қызметкері орындайтын жұмыстың толық көлемін орындайды. Сонымен қатар резидент дәрігерлердің оқу-жұмыс күні 8 сағатты құрайды, яғни толық жұмыс күні. Осы жерде сұрақ туындайды: 110 мың теңге стипендиямен резидент дәрігер қалай күн көреді? Бұл жаста резиденттердің отбасылары мен балалары болады, отбасы бұл стипендиямен өмір сүре алмайды, сосын медбике, фельдшер, медбике болып жұмыс істейді, ол қосымша жүктеме болып табылады», — деді ол. Осы ретте депутат резидент дәрігердің мәртебесін ресми қызметкер мәртебесіне сәйкес қайта қарауды, резидент дәрігерлер үшін интернатура бойынша мемлекеттік грантты пысықтау шарттарын қайта қарауды, гранттық қаражат пен стипендиялар бөлуі, стипендиялардың шекті төлемдерін және жылдан жылға стипендия төлеудің прогрессивті шкаласын қайта қарауды, осы саладағы ақылы білім беруді жоюды ұсынып отыр. Бұл депутаттық сауалды ол фракциялас әріптесі Жұлдыз Сүлейменовамен бірге әзірлегенін атай кеткен жөн.

Ал «AMANAT» фракциясының мүшесі Жарқынбек Амантайұлы электр энергиясы нарығындағы өзгерістерге және соның салдарына тоқталды. Оның айтуынша, биыл 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірінші сатып алушы моделі іске қосылған. Бұл жанашилдық осы саладағы қалыптасқан жағдайды, атап айтқанда жүйедегі жоспарлы теңгерімсіздіктерді, электр энергиясының болжамды тапшылығын, энергия өндіруші ұйымдардың өртүрлі тарифтеріне байланысты бәсекелестіктің тең емес жағдайларын болдырмау сияқты бірқатар ағымдағы мәселелерді шешуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сонымен қатар электр энергиясы нарығындағы аталған өзгеріске сәйкес, көтерме тұтынушылар өздерінің тәуліктік сұранысын әрбір сағат бойынша жоспарланған көлемін айқындап, алдын ала өтінім беру арқылы сатып алуға тиіс. Ал осы субъектілердің сұраныс пен тұтыну арасындағы теңгерімінің шығыстары әрбір есептік кезеңнің қорытындысы бойынша анықталады. Электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы әрбір субъекті өзінің теңгерімсіздіктері үшін жауапты. Осындай теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы жоспарлы сатып алынған электр энергиясы құнынан әлдеқайда қымбаттау болады.

«Елімізде өнеркәсіптік жылыжай шаруашылығы айтарлықтай дамып келеді. Ресми деректерге сәйкес, соңғы үш жылда жылыжайлардың аланы 31,7 гектарға ұлғайып, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 218,9 гектарды құрады. Жылыжайлар жұмысының рентабельділігі және өндіретін өнімнің өзіндік құны электр энергиясының бағасымен айқындалады. Сондықтан электр энергиясы нарығындағы өзгерістер шаруашылықтарға тікелей әсер етеді. Мәселен, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі — электрмен жабдықтаушы ұйымдар бірқатар қиындықтарға тап болып отыр. Дәлірек айтсақ, Астана қаласындағы бірде-бір ЖЭУ-да электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі болмағандықтан, олар сағат бойынша тұтыну мөлшерін жүктеменің өңірлік бейініне (региональнй профиль нагрузкн) сәйкес анықтайды. Яғни, олардың айтуынша, ЖЭУ өзінің нақты теңгерімсіздігі үшін емес, өңірдегі белгілі уақыт аралығында қалыптасқан теңгерімсіздік үшін жауап береді. Себебі өңірде орналасқан электрмен жабдықтаушы ұйымдардың бірқатары белгілі бір уақыт аралығындағы өздерінің нақты тұтыну мөлшерінен аз көлемге, ал кейбіреулері керісінше, артық көлемге тапсырыс берді. Осылайша, өңір бойынша ортақ теңгерімсіздік мөлшері анықталады. Алайда әрбір энергия жабдықтаушы ұйымға өңірдегі он және теріс теңгерімсіздіктердің айырмасы ескерілмей, оларды сату-сатып алу бойынша шоттар беріледі», — дейді ол.

Осы ретте депутат бірқатар энергия жабдықтаушы ұйымдардың жұмысында электр энергиясын бірінші сатып алушы моделін енгізуіне байланысты орын алып отырған жағдайлар бойынша анықтама беруді және жылыжайлар сияқты өндіріс ерекшеліктеріне байланысты электр энергиясын тұтыну мөлшерін алдын ала болжау мүмкін емес субъектілер үшін теңгерімсіздіктер үшін айыппұлдар қолданудың негізділігін түсіндіруді сұрап отыр.

Кеше Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Нартай Аралбайұлы спорт саласындағы былықтарды жайып салды. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нартай Сәрсенғалиев Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа жолдаған сауалында түсініксіз спорт түрлеріне бөлініп жатқан қаржының тым көп екенін айтты. Халық қалаулысына хабарласып, депутаттық сауалына қатысты бірер сауал қойдық.



— Нартай Аралбайұлы, Үкімет басшысының атына жолдаған сауалыңызда қазақы түсінікке жат спорт түрлеріне есепсіз қаражат бөлініп жатқанын айттыңыз. Ол қандай спорт түрлері?

— Қазақстан ел қазынасынан 180 спорт түріне қаржы бөледі. Сол 180 спорттың ішінде пенчак силат, спорттық балық аулау, биатл, триатл, петанк, текбол, черлидинг дегендер жүр. Осындай спорт түрлері дәл қазір бізге қажет пе? Айтпақшы, бюджеттен қаражат бөлінетін тағы бір спорт түрі бар, «спорт на пилоне» деп аталады екен. Бұл не деп қарастырсам, кәдімгі түнгі клубтарда билейтін биге ұқсайды. Бір қызығы, Қазақстан әлемде бірінші болып осы спорт түрін ресми тіркепті. Екінші мойындаған ел — Мексика. Сонда әлем жаппай танып, айналыска енгізбеген спорттың осы түрін біз бюджетке кіргізіп қойғанбыз. Ал, керісінше ұлттық спорт түрлеріне

келгенде ақша тапшы. Ұлттық спорт түрлерін қолдауға 2024 жылға бар болғаны 10 миллион 460 мың теңге бөлу жоспарланған. Өте аз. Мұны қалай түсінуге болады? Осыдан келіп ұлттық спорт түрлерін толық қолдап, дамыта алмай отырмыз. Мәселен, қыз қуу спортын алыңыз. Бұл біздің ешбір елде кездеспейтін, нағыз таңғалдырар, таңдай қақтырар спортымыз. Бірақ ұмытылып баралы. Соңғы рет қыз қууды қай жарыстан көрдіңіз? Жок. Спортқа қаражат бөлетін азаматтар оны естен шығарған. Ол аздай, қазақ күресін мазак қылып турнир ұйымдастырып, оны жаһанға жариялап жүргендер бар. Сондықтан министрлік бекіткен 180 спорт түрін шұғыл қысқарту қажет. Мемлекет басымдық беретін бағыттарда олимпиадалық, ұлттық, одан кейін, пара және сурдлимпиадалық спорттар қалуға тиіс.

— Жоғары жетістіктер спортына 775 млн доллар бөлінетінін айтқан

Нартай АРАЛБАЙҰЛЫ, Мәжіліс депутаты:

СПОРТҚА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫДА БЫЛЫҚ КӨП

ақпаратыңыз әлеуметтік желіде бірден қызу талқыға түсті. Бұл мәліметті қайдан алдыңыз?

— Өткен аптада бюджетті қарадық қой, өзім Мәжілістегі Әлеуметтік-мәдени комитеттің мүшесі болғандықтан, әлеуметтік-мәдени салаға бөлінер қаражатқа баса назар аудардым. Сол кезде қарасак, Қазақстанның жоғары жетістіктер спортына бюджеттен 775 миллион доллар бөлініп отыр. Мынау не масқара дедік? Мына жақта халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге қаржы таппай жатырмыз. Көптеген депутаттық бастамымыз қаражат жоқ деген желеумен іске аспай қалады. Ал мына жақта жоғары жетістіктер спорты деп ат қойып, айдар тағып, 775 миллион доллар бөліп жатырмыз. Осы сау адамның ақылына сыя ма? Ең сорақысы сол, қисапсыз қаржы бөлсек те, жеткен жетістігіміз жок. Мысалы, 2021 жылы Токиода өткен Жазғы олимпиада ойындарында Қазақстан құрамасы бар-жоғы 8 қола медаль иеленіп 92 мемлекеттің ішінде 83-орын алды. Сонда әлгі 775 миллион долларға жеткен жетістігіміз осы ма? Енді салыстырып айтайын, жоғары жетістіктер спортына 41 миллион доллар бөлген Нидерланд Токиодағы олимпиадада 10 алтын, 12 күміс, 14 қола медаль алды. Ал қаржы жетістіктер спортына 46 миллион доллар бөлген Дания Токиода 3 алтын, 4 күміс, 4 қола медаль алды. Біз 775 миллион долларды спортқа бөліп, 8 қоламен келдік. Жуырда Қытайда өткен Азия ойындарынан 11 орынмен оралғанымызды және қосыңыз бұған. Біздің еліміз Азия ойындарына 1994 жылдан бері қатысып келеді. Рас, 2018 жылға дейін жақсы нәтиже беріп келдік. Енді не болды, бөлінген қаражатқа кемдік жоқ. Сондай-ақ олимпиадалық спорттың барлығы бірдей жеміс беріп жатқан жоқ. Сондықтан сараптама жасап, жүзде әкелетін түрлеріне ғана басымдық беру керек. Мемлекет басшысы жуырда спортшылармен кездескенде «Кәсіби спорттағы жоғары жетістіктің болмағаны мемлекеттен бөлінетін қаражатты нәтижесіз жұмсаудың, бюджетті жан-жаққа шашудың себептері», — деді. Яғни, нақты нәтижеге жұмыс істеп, бюджет қаражатында есеппен жұмсайтын кез келді.

— Спорт және туризм министрлігі фермерлік шаруашылықтарды суб-

сидиялауға 54 млрд теңге қарастырып отырғанын айттыңыз. Өзіңіз бұл қаражат қайда жұмсалатынын анықтай алдыңыз ба?

— Мұны да бюджетті қараған кезде байқадық. Спорт және туризм министрлігінің бюджетін қарағанда құжаттың 311-бағдарламасында: «Жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа, фермерлік қожалықтарды субсидиялауға 54 миллиард теңге қарастырылған» деп жазылыпты. Содан Мәжілістегі комитет отырысында министрлік өкілдерінен сұрадық, бұл неғылған субсидия деп біріз мардымды жауап ала алмадық. Алдағы уақытта осы жайтты анықтап, нақты мөлiметті алдырамыз деген ойдамын.

— Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа жолдаған сауалыңызда бірқатар ұсынысыңызды да айттыңыз. Бұл ұсыныстар жеке өз тарапыңыздан ұсынылып отыр ма?

— Бұл біраз уақыттан бері дайындалып, қабылданған ұсыныстар. Депутаттық сауалды жолдар алдында да спорт саласының мамандарымен пікірлесіп, ақыластым. Қазір жергілікті спорт басқармаларынан бастап орталықтағы министрліс жұмы-

сына дейін бақылау қажет. Әсіресе, облыстық басқармалар спортты қолдаймыз деп ойына келген шара өткізетін болған. Одан министрлік хабарсыз, тексеріп те бара алмайды. Жергілік спорт федерациялары тікелей орталыққа бағынуы керек. Кәсіби спорт клубтарына берілетін ақшаны да шектеу қажет. Мысалы, «Астана» футбол клубы, «Барыс» хоккей клубы, «Астана» баскетбол клубы мен «Астана» велокомандасына жылына «Самұрық-Қазынадан» 65 миллион доллар бөлінеді. «Самұрық-Қазына» ол ақшаны қайдан алып отыр? Ол мемлекеттік активтерді басқарып, қаражатын айналыдырып отырған компания, яғни халықтың қаражаты. Оған қоса, легионерлерге бюджеттің есебінен айлық төлеуді тоқтататын кез келді. Спорттық клубтар легионер шақыра ма, оның айлығын демеушілердің есебінен немесе өз қалтасынан төлесін. Бір сөзбен айтқанда, спортқа бөлінетін қаржыға бақылау жасамасақ, желге ұшқанмен тең бола бермек.

— Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан Бек БОЛАТ

«АҚҚАЙНАРДЫ» МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНА АЛУ ҚАЖЕТ

Алматы облысы Қонаев қаласында «AMANAT» партиясы жанындағы облыстық партиялық бақылау комиссиясының және экологиялық мәселелер жөніндегі кеңестің бірлескен отырысы өтті. Жиында өңірдің тарихи-мәдени және табиғи мұрасын сақтау, қорғау шаралары зерделенді. Атап айтқанда, Жамбыл ауданындағы «Аққайнар» петроглифтер кешенінің және Іле өзенінің жағасында орналасқан «Таңбалы тас» шатқалының экологиялық жағдайы назарға алынды.

Отырыс жұмысына тарихшылар, экологтер, қоғам белсенділері және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Жиында ашқан «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қуат Байғоджаев «Таңбалы» қорығында 10 мыңнан астам петроглиф орна-

Онда ұзақ жыл әскери далалық лагерь орналасты. Барлық ғылыми-зерттеу жұмысы аяқталғанға дейін жартас жазығын қалпына келтіру және ондағы жазуларды өшіру бойынша шара қабылдау қажет. Жалпы, «Аққайнар» шатқалын тарихи-мәдени нысандар тізіміне енгізу мәселесін қарастыру қажет», — деді ол.

Өз кезегінде Мәтібұлақ ауылдық округінің әкімі Темірхан Мукеев тарихи ескерткіштерді ауылдық әкімдік қорғай алмайтынына және тарихи-мәдени мұраны сақтаудың кешенді жоспарын әзірлеу қажет екеніне назар аударды.

«Археологиялық ескерткіштің іргесінде әскери полигон орналасқан. Ондағы сарбаздар таңбалы тастарды бояп, жазу жазып кетеді. Оны химиялық еріткіштермен де, ацетонмен де сүртіп көрдік. Жазулар өшпей қойды. Қолымыздан келер шара — тек сенбілік ұйымдастыру. Осы мәселе бойынша қыркүйек айында

бірі болып отыр. Осыған байланысты ведомстволар арасында тиісті өзара іс-қимылды жолға қою, ескерткіштерді вандалдардан қорғауды қамтамасыз ету қажет. Ең алдымен «Аққайнар» кешені тарихи-мәдени нысандар тізіміне енгізу қажет», — деді Қуат Байғоджаев.

Жиын соңында комиссия мүшелері уәкілетті органдарға бірқатар ұсыныс білдірді. Атап айтқанда, «Таңбалы тас» тарихи-мәдени нысандары мен «Аққайнар» кешенінің сақталуын бақылауға алу, ведомстваралық өзара іс-қимылды жолға қою және абаттандыру, инфрақұрылым жүргізу арқылы ескерткіштерді қорғау үшін барлық шараны қабылдау, тәртіп сақшыларының күшімен жергілікті жерді пәтурылеуді қамтамасыз ету қажет. Бұған қоса, облыстық Мәдениет басқармасы жыл соңына дейін «Аққайнар» шатқалын тарихи-мәдени нысандар тізіміне енгізу мәселесін қарауы қажет.



ласқанын, ал «Аққайнар» кешенінде ежелгі дәуірде тасқа қашалған 5 мыңға жуық таңба табылғанын атап өтті. Алайда «Аққайнар» кешені осы күнге дейін мемлекет қорғауындағы нысандар қатарына енген жоқ. Сондықтан тарихи мұранын жойылып кету қаупі бар.

Ежелгі өнер туындыларының тағдырына қоғам белсенділері де алаңдап отыр. «Охотники за петроглифами» қоғамдық бірлестігінің директоры Ольга Гумирова «Аққайнар» кешеніндегі тасқа қашалған таңбалардың басым бөлігі вандализм әрекетіне ұшырағанын атап өтті.

«Бүгінде ежелгі ескерткіштерді зерттеуіші толық аяқталған жоқ. Соның салдарынан нысанды мемлекет қорғауына алу мүмкін болмай отыр. Таңбалардың басым бөлігі жазу, бояу, цемент, гудрон және өзге де қоспалар кесірінен зақымдалған. Киелі орынның ең көп зақымданған тұсы — орталық бөлігі.

облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталыққа хат жолдаған едім. Одан бері екі ай уақыт өтті. Жауап әлі жолданған жоқ. Ауыл әкімдігінде еліміздің құнды мәдени мұрасын өз бетінше қорғайтындай мүмкіндік жоқ», — деді Темірхан Мукеев.

Партиялықтардың айтуынша, аймақта вандализм әрекетінің етек жаюына себеп болып отырған жайттардың бірі — ведомстваралық іс-қимылдың әлсіздігі.

«Облыстық Туризм, мәдениет басқармасы, өңірлік Экология департаменті және жергілікті атқарушы органдар әртүрлі жұмыс жүргізуде. Ал ішкі істер органдары болса, ұлттық байлығымызды қорғау мәселесіне қатысты белсенді шара қабылдамайды. Сонымен қатар орталық және жергілікті атқарушы органдардың жоспарларында вандализмге қарсы күрес бойынша нақты іс-шаралар көзделмеген. Бұл да маңызды мәселенің

Еске сала кетейік, бұған дейін партиялықтар ұлттық байлығымызды қорғау акциясы аясында «Таңбалы тас» шатқалына барды. Аманаттықтар сенбілік өткізіп, 100 қапқа жуық коқыс жинады. Алдағы күндері партиялықтар және «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері сенбілікті «Аққайнар» кешенінде өткізуді жоспарлап отыр. Олар тастағы таңбаларды вандалдар жазып кеткен түрлі жазудан тазартады. Жалпы, «AMANAT» партиясы экология мәселесіне көп көңіл бөледі. Мәселен, партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жұмыс аясында ел аумағында 2025 жылға дейін 2 млрд түпке жуық ағаш отырғызылады. Сонымен қатар ел аумағында рұқсат етілмеген коқыс үйінділерінің пайда болуына жол бермеу мақсатында Полиция және Экология департаменттері рейд жүргізеді. Сондай-ақ өндірістегі экологиялық бастамалар да күшейтіледі.

ВАНДАЛИЗМНІҢ 1 200-ДЕН АСТАМ ДЕРЕГІ ТІРКЕЛДІ

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи мұрасын вандализмнен қорғау жөніндегі ауқымды республикалық акцияны жалғастыруда. Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері мен сарапшылар және белсенді студенттер қатысқан дөңгелек үстел аясында вандализммен күресу жолдары талқыға түсті.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бәрі әрбір жеке тұлғаның тәрбиесі мен мәдениетіне байланысты екенін атап өтті. Осыған орай қолданыстағы заңнамаға енгізілуі қажет өзгерістерге халық қалаулысы ерекше тоқталды. «Бірінші мәселе әртүрлі нысанды қарайтын инспекторлар хаттама толтыра алмайды, оларға бұзақылыққа барып жатқан адамдарды ұстап, жауапкершілікке тартуға заңды құқық берілмеген. Екінші, Еуропада темір іздейтін құрылғы жеке адамға сатылмайды. Оны арнайы маманданған мекемелерге ғана сатылып алуға рұқсат беріледі және лицензияланады. Қазақстанда да солай жасауымыз керек. Бұл — біздің өткен тарихымыз. Егер тарихты сақтап қорғамасақ, онда ертен ұлттық мұрамызды жоғалтып, қайдан шыққа-

жөніндегі комитетінің төрағасы, «AMANAT» фракциясының мүшесі Еділ Жаңбыршин мұның бәрі әрбір жеке тұлғаның тәрбиесі мен мәдениетіне байланысты екенін атап өтті. Осыған орай қолданыстағы заңнамаға енгізілуі қажет өзгерістерге халық қалаулысы ерекше тоқталды.

«Бірінші мәселе әртүрлі нысанды қарайтын инспекторлар хаттама толтыра алмайды, оларға бұзақылыққа барып жатқан адамдарды ұстап, жауапкершілікке тартуға заңды құқық берілмеген. Екінші, Еуропада темір іздейтін құрылғы жеке адамға сатылмайды. Оны арнайы маманданған мекемелерге ғана сатылып алуға рұқсат беріледі және лицензияланады. Қазақстанда да солай жасауымыз керек. Бұл — біздің өткен тарихымыз. Егер тарихты сақтап қорғамасақ, онда ертен ұлттық мұрамызды жоғалтып, қайдан шыққа-

жөніндегі комитетінің төрағасы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Сергей Пономарев.

Мұндай жағдай өзінің басында да болғанын айтқан депутат заңмен шектеу қоюды құптады.

Халық қалаулысы жыл басында Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне енгізілген түзетулерге сәйкес, тарихи-мәдени мұраларға, тарих және мәдениет ескерткіштеріне, мемлекет қорғауындағы табиғи нысандарға жазып, бояп, суреттер салып немесе қоғамдық тәртіпке нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттермен қорлағаны үшін 50-ден 100 АЕК-ке дейін айыппұл, не түзеу жұмыстарына 160 сағатқа дейін тарту немесе 40 тәулікке дейін қамауға алу көзделгенін жеткізді.

Еске сала кетейік, Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи мұрасын вандализмнен қорғауға арналған жалпы респуб-



нимызды ұрпаққа жеткізе алмаймыз. Сондықтан тек тәрбие жұмысымен айналысып қоймай, заң жағынан да әртүрлі шектеу жасауымыз керек», — деді ол.

Жыл басынан бері Қазақстанда вандализмнің 1 200-ден астам фактісі тіркелді деп мәлімдеді отырыс барысында Мәжіліс

ликалық акция биыл 20 қазанда басталған болатын. «Жастар Рухының» 50-ден астам белсендісі осы бағыттағы алғашқы сенбілікті «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында өткізіп, «Жұмбақтас» жартасын тазалады.

Берік БЕК



Еңбек қауіпсіздігі мәселесі өзекті, өткір түр. Мұны елдегі соңғы оқиғалар, соның ішінде «АрселорМиттал Теміртау» шахтасындағы алапат апат паш етті. Осы орайда Президент тапсырмасымен «2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасының» жобасы әзірленді. Бұған қоса, жаңа жәрдемақы түрі енгізіледі. Ол зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істейтін жұмысшыларға 55 жастан бастап зейнеткерлік жасқа толғанға дейін төленеді.

ЖҰМЫСЫҢА АМАН БАРЫП, САУ ҚАЙТШЫ!

Елдос СЕНБАЙ

Еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау маманы Бағлан Умбаевтың айтуынша, өз жұмыскерлері үшін қауіпсіз еңбек шарттарын түзуге кәсіпорындардың, инвесторлардың өзі мүдделі болуға, соған ұмтылуға тиіс. Себебі басшылығы еңбекті қорғауға салғырт қарайтын компанияның нарықта ұзақ уақыт әрі орнықты түрде табысты, беделді болып қалуы неғайбыл. Мұның сыртында, өндірістегі жазатайым оқиғалар, ақаулар, апаттар кәсіпорынды дағдартады, жүйелі жұмысын бұзады, әрі ұжымында наразылық пен әлеуметтік кернеу туғызады. Мұның бәрі қомақты қаржылық, экономикалық шығынға соқтырады.

Мәселен, 2022 жылы өндірістік жарақаттанудың материалдық залалы 2 есеге өскен. Яғни, кәсіпорындар тек осының салдарынан 4,1 миллиард теңге шығын шекті. Бұл бір зардап шеккен адамға 1,7 миллион теңгеден келді деген сөз.

Өйткенмен, бизнес нысандарының бәрі бірдей бұған мән бере бермейді. Сондықтан мемлекеттің пәрменді бақылауы болғаны жөн.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше, 2020–2022 жылдары елдегі ең ірі 49 қала құраушы кәсіпорына тексеріс жүргізілген. Қорытындысында жұмысшыларға зиянды еңбек жағдайлары үшін өтемақы жаппай төленбейтіні өшкере-ленді. Олар қорғаныш құралдарымен, арнайы тамақпен, тіпті сүтпен қамтамасыз етілмейді. Жұмыс берушілер персоналды оқытуды жүзеге асырмайды, қарапайым әрі міндетті нұсқама-инструктаж өткізілмейді. Жұмысшыларды медициналық тексерістен өткізбейді. Өмірі мен денсаулығын арнайы сақтандырмайды.

Бұған қоса, тексерілген кәсіпорындарда 1 мыңнан астам технологиялық жабдықты 100% тозғанына қарамастан, жамап-жасқап, әрі қарай пайдаланып жатқаны, тағы 1,5 мыңдай жабдық пен қондырғының қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды. Бұл құрылғыларда 2,5 мың жұмысшы еңбек етуде, демек, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе керек.

2022 жылы еңбек инспекторлары ел бойынша 5 391 тексеру жүргізіп, 8 841 бұзушылықты тіркеді. Соның ішінде еңбек қатынастарына қатысты 5 893, еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселесінде – 2 771, жұмыстан негізсіз шығаруға байланысты – 176 факті өшкерсе болды.

Еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау қорытындысында ұйымдарға қатысты 319 қылмыстық іс қозғалды. Оның бәрі дерлік – 316 қылмыстық іс еңбекті қорғау мен қауіпсіздік талаптарын бұзуға тиесілі.

Ресми статистикаға сәйкес, 2020 жылмен салыстырғанда, 2022 жылы зиянды, қауіпті еңбек жағдайларында еңбек ететін адамдардың саны 5%-ға артып, 386,3 мыңнан асты. Зиянды, қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлердің ең көп саны өндіру өнеркәсібінде – 26,9%, тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 24,5%, көлік және қоймалау саласында – 14,1% байқалады. Өмірлік бөліністе зиянды, қауіпті жұмыс орындары Қарағанды (15,4%), Павлодар (10,5%) және Маңғыстау (10,0%) облыстарында көп.

Өндірістік жарақаттану көрсеткіштері – қауіпсіз еңбектің негізгі индикаторының бірі: ол әрбір жұмыс орнындағы кәсіптік тәуекел деңгейін сипаттайды және кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың нақты жағдайын көрсетеді. Бұл ретте жұмыс барысындағы жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны 2020 жылмен салыстырғанда 2022 жылы бірден 20%-ға артып, 2 449 адамға жетті. Жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің жиі-

лік коэффициенті әрбір 1 000 жұмыскерге шаққанда 2020 жылғы 0,39 адамнан бытыр 0,44 зардап шегушіге дейін артты.

ҮКІМЕТ ЖАҒДАЙДЫ ҚАЙТІП ТҮЗЕТПЕК?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сендіруінше, 2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы өндірістік жарақаттану деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ министрлік басшылығы бүгінде өмірлерді аралап, кәсіпорындарда жиындар өткізіп, жұмыс берушілерге жаңа тұжырымдаманы түсіндіріп жатыр. Министрлік өкілдері бұл құжатты іске асыру жарақаттану деңгейін, еңбекті қорғау саласындағы бұзушылықтар санын, еңбек жағдайлары зиянды әрі қауіпті жұмыс орындарының санын азайтуға септігін тигізетінін айтады.

Оның аясында 2030 жылға қарай келесі нәтижелерге кол жеткізу көзделген: әрбір 1000 қызметкерге шаққанда өндірістік жарақаттану жиілігінің коэффициенті қазіргі 0,44 адамнан 0,30 адамға дейін азаюы тиіс. Еңбекті қорғау



саласындағы бұзушылықтар саны 23%-ға дейін кемиді. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс орындарының саны қысқартылады.

Министрлік тұжырымдама жобасы аясында бірнеше бағытта жұмыс жүргізілетінін түсіндірді.

Біріншіден, жұмыс орындары кәсіптік тәуекел дәрежесі бойынша бөлініп, сараланады. Мұнда әрбір жұмыс орнындағы еңбек жағдайларының зияндылығы, жарақат алу қаупінің көрсеткіші, жабдықтардың қауіпсіздігі, жеке қорғаныш құралдарымен (ЖКК) қамтылуы, персоналдың сырақтанушылық деңгейі ескеріледі. Нәтижесінде, еңбек жағдайлары кәсіпорындарда ғана емес, нақты жұмыс орындарында кәсіптік тәуекелдердің дәрежесіне қарай жіктелетін болады.

Екіншіден, жеке қорғаныш құралдары белгілі бір жұмыс орнының кәсіптік тәуекел дәрежесіне қарай таңдалады. Үшіншіден, сақтандыру тарифі кәсіптік тәуекел дәрежесі бойынша сараланады. Әрбір кәсіпорындағы және нақты жұмыс орнындағы кәсіптік тәуекел дәрежесіне байланысты түзету коэффициентін енгізу ұсынылған.

Төртіншіден, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарға берілетін әлеуметтік кепілдіктердің түрлері мен көлемдері кәсіптік тәуекел дәрежесі бойынша сараланбақ. Бұл – өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің тізбесін өзектендіруді, әлеуметтік кепілдіктердің түрлері мен көлемін айқындаудың жаңа тетігін, сондай-ақ проактивті тағайындауды әзірлеуді қарастыраты.

Бесіншіден, Еңбекминині еңбекті қорғау саласында оқыту сапасын арттыру мен кәсіптік тәуекел дәрежесін ескеріп, тиісті құзыреттерді дамыту моделін енгізбек. Оқыту және білімді тексеру рәсімдерін саралау және білімді тексеру үшін арнайы онлайн платформа құрылады. Сол арқылы мамандарға білімді тексеруден өткенін куәландыратын сертификаттар орталықтандырылған түрде беріледі. Мемлекет еңбекті қорғау мәселелеріне жауапты барлық

тұлғаны бірыңғай есепке алатын болады.

Бірақ бұған жұмыс берушілер қарсы шығып жатыр.

«Министрліктің оқыту, еңбекті қорғау, қауіпсіздікті сақтау, аттестаттау салаларын орталықтандыруға, Бірыңғай оқу-әдістемелік орталығын құруға талаптануы барлық жұмысшы мен жұмыс берушілердің ерекше алаңдаушылығын туғызды. Бұл схеманың астарында алапат жемқорлық әлеует жасырынып жатыр. Сонымен бірге ол көп уақыт пен ресурстар шығынын талап етеді. Ірі компаниялардың осы саладағы барлық күш-жігері мен инвестицияларының құнын түсіреді. Себебі олар төл оқыту орталықтарын ашуға көп күш салды. Оған еріккеннен барған жоқ: мемлекеттің қолдауымен құрылған өзге мекемелердің кадр даярлау, оқыту сапасы нашар болды. Олар шығу тегі күмәнді сертификаттарды қапталып таратумен әуестенді. Тұжырымдамада жұмыс берушілерге өз оқу орталықтарын сертификаттауға мүмкіндік берілгені жөн. Өйтпесе, білікті мамандарды даярлауға үлес қосып жатқан бұл орталықтар жаппай жабылып қалады», — деді Еуразия-

лық өнеркәсіптік қауымдастықтың вице-президенті Елена Попандопуло.

Сол себепті, министрлік Президенттің тапсырмасымен қабылданатын, 2030 жылға дейін елде қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етуі тиіс тұжырымдаманың жобасын одан әрі пысықтап жатыр.

ЖАҢА ЖӘРДЕМАҚЫ КІМГЕ БЕРІЛЕДІ?

2022 жылдың қорытындысында жұмыс берушілер зиянды, қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлерге әлеуметтік кепілдіктер, яғни жеңілдіктер және өтемақылар беруге 207,6 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсады. Бұл 2020 жылға қарағанда 47%-ға көп: ол жылы 141,5 миллиард теңге бағытталды.

Жұмыс беруші қызметкердің пайда-сына төлейтін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) жыл сайынғы көлемі 2020 жылғы 42,7 миллиардтан бытыр 69,8 миллиард теңгеге дейін, яғни 1,6 есеге жуық өсті.

Бірақ мұның өзі жанды жабырқататын, тәнді титықтататын аса ауыр, денсаулыққа зиянды жұмысты атқаратын

еңбеккерлердің өмір сапасын, әл-ауқатын арттыруға жетпейді.

Сол себепті Президенттің биылғы Жолдауы аясында Қазақстанда енді зиянды еңбек жағдайларында ұзақ істейтін азаматтарға 55 жастан бастап, арнайы әлеуметтік төлем төленетін болады.

«Министрлік зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру тәсілдерін әзірлеп, мүдделі мемлекеттік органдармен келісті. Азаматтардың осы санаты үшін арнайы әлеуметтік төлем енгізу қарастырылады. Бұл арнайы төлем 55 жасқа толған және 7 жыл бойы аударылған міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бар, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлерге тағайындалады деген шешім қабылданды», — деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова.

Оның түсіндіруінше, арнайы әлеуметтік төлемдер (АЭТ) сомасы төрт көзден құралады. Біріншіден, оған республикалық бюджеттен 1,5 ең төмен күнкөріс минимумы мөлшерінде қаражат қосылады. Екіншіден, Үкімет қаулысымен бекітілген тәртіппен БЖЗК-дағы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен жинақталған зейнетақы жинақтарынан қосымша ақша бөлінеді. Үшіншіден, өмірді сақтандыру компанияларынан да 1 ең төмен күнкөріс деңгейі көлемінде аударылады. Төртіншіден, бұған жұмыс берушілер өз қаражаты есебінде 1 ең төмен күнкөріс мөлшерінде қаржы қосады.

Қазақстанда ең төмен күнкөріс минимумы 2024 жылы 43 407 теңгеге тең болады. Ендеше жаңа арнайы төлем сомасы біршама қомақты болуы мүмкін.

Жаңа төлем әзірге ешкімге тағайындалған жоқ. Ол өмірге жолдама алуы үшін ұлттық заңнама өзгертілуі керек екен. Министр Светлана Жакыпова заңнамаға түзетулердің тиісті жобасы Мәжілістің қарауында жатқанын айтты.

ЖАҢА МЕКТЕП – ЖАҢА ӨМІРДІҢ БАСТАУЫ

Павлодар облысының Қаражар ауылында заманауи білім беру стандарттарына толықтай сай келетін жаңа мектеп ашылды. Ауылдағы білім беру проблемалары туралы бұған дейін мұғалім Зура Жүсіпбаева әлеуметтік желілерде бірнеше рет жазған болатын. Соның нәтижесінде, 8 ай ішінде ауылда жаңа мектеп бой көтерді. Ал бұл Eurasian Resources Group компаниясының қаржылық қолдауының арқасында мүмкін болды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында заманауи білім берудің өзекті проблемаларын жиі көтеріп жүр. Соның негізгісі — ауылда білікті педагогтердің жетіспеушілігіне байланысты қалалық және ауылдық мектептер арасындағы орта білім беру сапасының алшақтығы. Сонымен қатар сапалы білім мен кәсіби құзыреттілік үшін қажет соңғы үлгідегі жабдықтармен жарақталған заманауи жайлы мектептердің тапшылығы байқалады.

Президент тапсырмасына сәйкес, елімізде «Жайлы мектеп» жобасы іске асуда. Оның шеңберінде Қазақстанның барлық өңірлерінде, оның ішінде ауылдық жерлерде жоғары стандарттарға сай келетін жүзден астам білім ордаларын салу жоспарлануда. Биыл 5 қазанда өткен Республикалық педагогтер съезінде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы мектептің ауыл өмірінде атқаратын ерекше шоғырландырушы рөлін атап өткен еді. «Мектеп барда ауыл бар» деп бекер айтпаса керек. Мектептер біртұтас әлеуметтік функцияларды атқарады. Мұнда қоғамдық жиындар, мәдени іс-шаралар, спорттық жарыстар өтеді. Басқаша айтқанда, ауыл мектебі жергілікті тұрғындарды біріктіруге қызмет етеді», — деді ол.

Бүгінгі күндегі білім беру процесінің бір ерекшелігі ретінде кәсіпкерлердің жауапкершілігінің артуын айтуға болады. Президент әлеуметтік бағдарға ие бизнес қоғамның барлық саласына атсалысып, аса маңызды мемлекеттік жобаларды іске асыруға тікелей қатысуы тиіс екенін бірнеше рет атап өткен еді. Соның арқасында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде бизнес өкілдерімен қолданыстағы мектептерді жаңғырту және ауылдарда жаңа мектептер салу туралы келісімге қол жеткізілді.

Президенттің осы үндеуін қолдай отыра, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу саласындағы жетекші көшбасшылардың бірі саналатын және ірі өндірістік жобаларды іске асырушы Eurasian Resources Group компаниясы Павлодар облысында екі жаңа мектептің құрылысына шамамен 2 млрд теңге қаржы бөлді. Олардың бірі оқу жылының екінші тоқсаны қарсаңында Қаражар ауылында есігін айкара ашты.

Қаражар ауылындағы мектеп проблемасы туралы мұғалім Зура Жүсіпбаева әлеуметтік желілерде үнемі жазып жүретін еді. Ауыл тұрғындарының айтуынша, жаңа мектеп туралы арманын орыс тілі мұғалімі өзі шығаратын «Қаражарда жасалған» газетінде жариялаған екен. Расында да, 1958 жылы салынған жүз адамға ғана арналған тоғыз жылдық шағын мектеп қазіргі білім беру стандарттарына мүлдем сәйкес келмейтін, ал жабдықталуы оқушыларға қажетті білім мен дағдыларды сапалы игеруге мүмкіндік бермеді.

Eurasian Resources Group компаниясының қаражатына салынған жаңа мектеп жаңа компьютерлік жабдықтармен жарақталған. Президенттің қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқу сапасының алшақтығын азайту қажеттілігі туралы тапсырмаларын орындай отыра, инвестор оқу орнынан STEM зертханасымен жабдықталды. STEM дегеніміз — Science, Technology, Engineering, Mathematics сөздерінен тұратын студенттердің негізгі кәсіби құзыреттіліктерін дамыту үшін білім беру процесінің жаратылыстану, техникалық, инженерлік және математикалық компоненттерін біріктіруге негізделген заманауи кешенді тәсіл. Дүниежүзінің STEM зертханаларындағы классикалық сабақтар: робототехника, бағдарламалау, инженерия және биотехнологияны қамтиды. Жас техниктердің ғылым әлеміне қызықты саяхатын бастауы үшін Eurasian Resources Group компаниясы зертханаға цифрлық микроскоптар, сондай-ақ робототехника сабақтарына қажетті жабдықтар мен материалдарды сатып алған. Мектептің құрылысы мен жабдықталуына салынған инвестиция көлемі 932,4 млн теңгені құрады.

Мектеп салу кезінде оның қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтер съезінде сөйлеген сөзінде мектеп балалар үшін ең қауіпсіз орынға айналуға тиіс екенін атап өтіп, барлық білім беру мекемелерін бейнебақылау жүйелерімен және сигнализациемен жабдықтауға тікелей тапсырма берді. Осы тапсырманы орындау үшін Қаражар жалпы білім беретін мектебі киберқауіпсіздік пен бейнебақылаудың жаңа жүйесімен жарақатандырылды. Оған кіру мүмкіндігі ішкі бақылаумен реттелді.

Мектептің салтанатты ашылу рәсімі Қаражар тұрғындары үшін үлкен мерекеге айналды деуге болады. Бұл ауылда білім беру мекемелері ерекше маңызды не екенін тағы бір айшықтай түсті. Жиналғандар алдында сөз сөйлеген Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев маңызды мемлекеттік мәселелерді іске асыруға бизнестің жауапкершілік таныға қатысуын ерекше атап өтті. Қаражарлықтар да озықыластарын жасыра алмай, ERG компаниясына алғыстарын жаудырып, жаңа мектеп балаларына сапалы білім алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, бүкіл ауылдың мәдени орталығына айналатынына сенім білдірді. Бұл туралы компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы Александр Машкевич те жиі айтады.

— Бүгін ашылып жатқан бұл мектеп — ERG қаржыландырып отырған көп нысанның бірі ғана емес, біздің Қазақстанның болашағын құйып отырған инвестициямыз. Өйткені білім беру — дамыған әрі гүлденген қоғам қалыптастырудың алғы шарты. Бұл мектеп — біздің әрі баланың ертені мен бойындығы қабілеттерін артқан сеніміміз. Осы білім ұялары әлемге өз өзгерістер әкелетін жаңа көшбасшылар мен новаторларды қалыптастыратын қара шовыртқа айналады деген үміттеміз, — деді Александр Машкевич.

Қаражардағы мектептің ашылу салтанатында ERG-дің Қазақстандағы бас директоры Серік Шажаханов Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Білім — бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» деген нақылын тілге тиек етіп, балаларды әрдайым білімге, жананы таңуға ұмтылуға шақырды. Білім беру мекемелерінің өскелең ұрпақтың дүниетанымын, көзқарастары мен практикалық дағдыларын қалыптастырудағы рөлін атап өтті.

Қаражарлықтар да ERG компаниясының атына көптеген жылы лебіздерін жеткізді. Зура Жүсіпбаева Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында: «Біздің жаңа мектебіміз әлемі. Ол ауада, облыста жалғыз емес, алғашқылардың бірі болсын деп тілеймін. Әр ауылдағы балалардың соңғы техникамен жабдықталған мектепте оқуға мүмкіндіктері мол болсын». Қарапайым мұғалімнің шынайы сөздері Eurasian Resources Group компаниясының Болашақ жобаларымен тура сәйкеседі. Мәселен, қараша айының соңына дейін Павлодар облысының Сычевка ауылында тағы бір мектеп ашылмақ, оның құрылысын да компания қаржыландырып отыр. Ал келесі жылы Костанай облысының Рудный қаласында 1 200 оқушыны қабылдауға дайын мектеп өз есігін айкара ашпақ.

Осы ретте Қаражар мектебінің құрылысымен қатар ERG компаниясы ауылдықтарға жоғары жылдамдықты интернетті кедергісіз пайдалануға мүмкіндік беретін оптикалық-талшықты байланыс желісін тартуды қаржыландырғанын атап өткен жөн. Бұл жоба Президентің қазақстандық білім беруді цифрландыру қарқынын жеделдету жөніндегі алға қойған міндеттерін іске асыру мақсатында жүзеге асырылған, оның шеңберінде 2027 жылға қарай еліміздің барлық мектептері жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілуге тиіс.

ERG компаниясының қызметі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің үлгісі деуге болады. Мемлекет басшысының білім беру саласындағы алға қойған міндеттерін іске асыруға компания алдағы уақытта да өзінің елеулі үлесін қоса бермек.



Ұлан-ғайыр қазақ даласының кез келген өлкесі киелі, қастерлі, қадірлі. Кең жазирамыздың әр жерінің тарихына терең бойлап, өткеніне үңілсеңіз, небір тың деректермен танысып, тау тұлғаларымыздың күреске толы өмір жолынан қанық боласыз. Соның ішінде топырағы бөлек, рухты өлке Торғай даласы туралы толғанбау мүмкін емес. Қойнауына талай құпияны бүгіп жатқан қарт Торғайдың тау-тасын түртіп қалсаң қалай сайрап берер екен, шіркін! Осындай қастерлі жердің тумасы, жерлесіміз, ақын Ғафу Қайырбеков: «...Торғайдың өзінен өзі туралы аңызы өсіп кеткен өлке, даңқы озып кеткен дала» деп бекер айтпаған. Шыңдығында, Торғайдан шыққан тарихи тұлғаларды тізе бастасаң, санынан жаңылассың. Даңқты тарихын зерделесең, таңдай қағасың. Осы өлкеден шыққан дарабоздар мен таланттардың ұлт пен тарих алдында атқарған еңбектеріне лайықты баға беру, құрмет көрсету, кейінгі ұрпаққа насихаттау – біздің перзенттік парызымыз әрі азаматтық адады-ғымыздың айғағы болмақ.

ТОРҒАЙ ТҮЛЕТКЕН ТҰЛҒАЛАР

Торғайдың төл перзенттерінің көш басында жоңғар шапқыншылығы кезінде ел тәуелсіздігі үшін күрескен атақты батыр, «Ақтабан шұбырындыдан» кейін босқан елдің басын қосып, азаттық күресін ұйымдастырған Шақшак Жәнібек Қошқарұлы тұр. XVIII ғасырда казак ұлысын бір тудын астына жинаған Абылай ханның серігі, жоңғарларға қарсы соғыста қол бастаған батыры, казактан шыққан тұңғыш тархан Шақшак Жәнібек Қошқарұлының туғанына биыл 330 жыл толып отыр. Баһадүр бабамыз жайлы қаншама еңбек жазылған. Болмысы бекзат бабамыз туралы отандық тарихшылар мен әдебиетшілер небір құнды деректер қалдырып кетті. Белгілі қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев 1993 жылы Торғайда өткен Шақшак Жәнібектің 300 жылдық тойында былай деген екен.

«... Екі жолбарысты сонына еріткен, өзі үшінші жолбарыс сияқты боп, айбынын асырған батыр Жәнібектің бүгінгі ұрпақ үшін қадірлі болатындығы, кісінің тағдырын бір ауыз сөзбен шешкен би Жәнібектің біз үшін қадірлі болатындығы, ең алдымен, сол батырлығы мен сол билігін елдарыққа жұмсағандығы. Меніңше, жанағы айтқан сыртқы архивтердің құжаттарында да Жәнібек атынын жиі кездесетіндігі де осы елдарлықтан шығар. Әңгіме болып жатқан кезеңде қазір де ұлықталып отырған билердің де, батырлардың да көбі тірі жүр еді. Алайда генерал-губернатор Неплюев 1 742 жылы патша ағзамға Жәнібекті: «бұл екі ордаға да бірдей қадірлі, екі ордала да хандардан да беделі артық, екі ордала хандармен бірдей тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ете алатын бірден-бір адам», — деп бағалап, сондықтан да «баска адамдармен шатастырмас үшін оған тархан атағын дара, ешкіммен араластырмай жеке беру керек» деген ұсыныс жасауы да тегін болмаса керек».

Жәнібектің казак үшін қадірлі болатындығы тек батыр болғандығы үшін ғана емес. Жәнібекті ұлан-асыр тарихтың төріне шығарып тұрған нәрсе — оның саясатшылығы. Ол Қазақтың бүкіл бір ұлысынын тұтастығын қамтамасыз еткен саяси басшы. Ол еліміздің егемендігі жолындағы көп-ғасырлық күресінің мақтанышы. Мем-


лекеттік жоғары дәрежедегі қайраткер. Тұңғыш рет тархан дәрежесіне ие болған казак батыры. Жас ұрпақты баһадүр бабамыздың аруағы қолдап, желеп-жебеп жүргей!

Батырлардың ерлігі мен қайсарлығын өлең жолдарымен жырлаған торғайдың топжарғаны Нұрхан Ахметбековтың 120 жылдық мерейтойы да биылғы жылға тұспа-тұс келіп отыр. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында жалынды жырларымен халықтың жігерін жандырып, жеңіске деген үмітін оятқан ардақты ақын. Нұрхан ақын халқымыздың батырларын сүйсіне жырлаған. Мысалы Жәнібек батырдың ерлігін өлең жолдарымен жеткізген.

*«Кім озар Қошқарұлы Жәнібектен,
Шақшактың немересі асыл тектен.
Қалмақты қонысынан қойдай қуып,
Халқы үшін қан майданда қанын төккен».*

Ақын, батыр бабаларының қайраттылығы, суырып-салма айтыста рух беретініне сенген екен. Қай ақын болмасын, туған жерін жырға қосып жырлаған. Нұрхан атамыздың шығармаларынан Торғай жерінің табиғатына деген ыстық сезімін байқаймын. Жерлесіміз Сырбай Мәуленов былай деп жазды: «... Шынында да Нұрхан өлеңі халықтың жүрегіне құйылатын нәрлі өлеңдер еді. Ақынның аузынан төгілген табиғи өлеңдер төніректі түгел шарпып, заманында аттылы жолаушыларға ілесіп аймаққа дүрілдеп тарай жөнелетін. Содан да оның көп өлең, дастанын тыңдаушы халық деп қабылдайтын...». Нұрхан Ахметбеков — асқақ ақын, дәулескер күйші болған. Торғай өңірінде алғашқы ауданаралық театр құрып, оның тұңғыш директоры болды. Қазақтың халық поэзиясын дамытуға үлкен үлес қосты. Ақындық жолға түскен кейінгі жастар Нұрхан Ахметбековтың жырларымен сусындап өсіп, мол мұрасын өмірлік темірқазық етіп ұстануын тоқтатауы керек. Ақынның есімі Торғай жеріне ғана емес Қазақ жұртына таныс.

Биыл қазақ әдебиетіндегі қарымды қаламгерлердің белді де беделді өкілі Қайнекей Жармағамбетовтың туғанына — 105 жыл. Қайнекей Жармағамбетовтің шығармашылық жоспарының аясы кең болған. Ол оқиғалы өлең, баллада жазуды шебер менгерді. 50-60-жылдары қазақ са-



Елар КАБА (солға)

тирасына да аянбай атсалысқан. Өмірлік маңызға ие сатиралық туындыларды көптеп жазды. Қайнекей Жармағамбетовтің «Хадишаға хат» атты еңбегі тұңғыш фельетон-баллада есебінде ұлттық поэзияның тарихына алтын әріппен жазылып қалды. Торғай топырағында кіндік қаны тамған кара бала үздіксіз ізденісімен, қарымды қабілетімен, табиғи талантымен зиялы қауымның назарын өзіне аударған. Көп жылдар журнал, газет баспаларының редакторы қызметін атқарған. Жармағамбетовтің оқиғалы өлеңді жазуға, балладаға бет бұрғанына тан-дай қағып, тамсанбау мүмкін емес. Ол қазақы, қасиетті топырақта туды. Көне Торғайда ежелгі ел байлығы, оқиғасы тартымды, сөздері жүйелі, мазмұны терең қисса, дастандарды айтатын айтулы жыраулардың көзін көрді.

Қазір Алматы қаласындағы Абай және Абылай хан көшелерінің қиылысындағы соңғы жылдары өзі тұрған үйге такта орнатылды. Торғай селосында ақын есімінде орталық кітапхана жұмыс істейді. Шилі ауылындағы орта мектеп жерлес ақындарының есімінде. Көне Торғайда кіндік қаны тамып, барша қазақтың танымал қайраткері, қарымды қалам-гері қатарына қосылған көрнекті ақын, табиғи талант Қайнекей Жармағамбетовті, ұлттың ұлағатты ұлын ұмытпайық.

Жанжақты талант иесі, қайраткер, публицист, ақын Ғафу Қайырбековтың 95 жылдық мерейтойы да атаусыз қалмағаны қуантады. Ақын Ғафу Қайырбековтің туған жері Шұбалана қарасты Батпақсуат деген жерде. Ол кісінің өлең жолдарынан жан-жүрегімен, сүйіспеншілігімен туған жерін, туған елін сүйгенін және барлық адамзатты туған елін суюға шақырғанын байқауға болады. Қызмет пен шығармашылықты тең ұстаған Ғафу ағамыздың қаламынан «Арал әуендері», «Қанатты жылдар», «Жер астындағы жұлдыздар», «Алтын бесік»,

«Большевик ауылы», «Маңғыстау маңғаздары», «Беласар» кітаптарымен «Елтіңжал», «Ақжелкен», «Бір кемемен үстінде», «Үш қиян» повестерімен қоса, талай ел мен жер мұңын қозғаған мақала, очерктері туғанын көпшілік жақсы біледі. Ғафу ағамыз «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары қызметін атқарды. Өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар одағының ақындар қауымдастығының президенті болды. 1954 жылы оның «Құрдастар» атты тырнақалды жинағы жарық көрді. Содан бері қырықтан астам кітабы шықты.

Қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» әнін білмейтін қазақ кем де кем. Сол әннің сөзін жазған біздің Ғафу ағамыз. Қазақтың маңдайына біткен қос таланты жазған ана туралы осы ән өз өміршендігін ешқашан жоймайтынына сенімдімін. Торғай халқы қашанда өнерге жақын өнер сүйер қауым болған. Өз таланттыларын көтермелеп, мерейін асқақтатып отырған. Өнерлілер ортасында өскен өрен міндетті түрде аға буын ізін қуып, өнерге білім мен ізденіске жол салып келуде.

Торғай даласы тума таланттарға бай өлке екені бөріне аян. Әсіресе, ақын жыраулар көптеп туған. Осындай өлең жырдң қайнаған ортасында дүниеге келгендердің бірі — Болат Хамзин. Тобыл Торғай даласының маңдайына біткен талантты перзенті Болат Хамзиннің 85 жылдығын қалай ұмытайық!? Ол дүйім жұртқа әсем ән, күйімен танылған. Торғайдың дархан даласын ән мен күйге қосып жырлаған. Сазгер еліне деген махаббатымен өзі туып өскен жердің табиғатын, ондағы адамдардың жарқын бейнелерін ән әлеміне айналдырып, әсем саза бөлей білген. Осындай жұртшылықтың жүрегіне тез жол тапқан әндерінің бірі «Торғай қызы»



(Басы 1-бетте)

Бердібек ҚАБАЙ

10 пайыздық жеке табыс салығының күшін жою қажет.

Бүгінде қауымдастықтың осы ұсыныстары бірнеше министрлік пен құзырлы орындар арасында түрлі жағдайдағы талқыға түсіп жатқан сыңайлы.

Шынын айту керек, мемлекет тері өңдеушілер мен өзге мал өнімдерінен дайын зат шығарушы шағын өнеркәсіп түріне молынан қолдау жасағаны дұрыс деп ойлаймын. Жалпы, елдегі жүн мен тері өңдеушілердің барлығы дерлік айтар бір ғана уәжі бар. Ол — мемлекеттік қолдау.

Тері өңдеушілер қауымдастығының төрағасы Нұрман Нүптекеевтің айтуынша, мемлекет тарапынан салаға қолдау керек. Сонда ғана айналасы 4-5 жылдың ішінде тері өңдеу саласы аяққа тұрып, ел экономикасына орасан-зор пайда әкеледі.

Айта кету керек, қауымдастық құрамындағы барлық зауыттар мен фабрикалар бәрі бірдей толық қуатымен жұмыс істейтін болса, жылына 3 млн теріні еркін өңдей алады екен. Демек, нақты алгоритім болып жатса, мүмкіндік бар деген сөз.

КӘСІПТІҢ НӘСІБІ

«Ешқандай көмек алып көрген емеспін. Алсам ба деп, әрекет жасап жатқан жайым бар. Алайда түрлі есікті қағып, табалдырығын тоздырған кезім де болды. Тыңдағысы келмеді, тыңдамалы. Тыңдаса да, тыңдамаған кейіп танытты. Бірақ табысым басқа

қырынан да жүріп жатыр. Жұрттын разылығы үшін өз шаруамызды өзіміз қолдан келгенше атқарып келеміз», — дейді Тараз қаласындағы тері бұйымдарын өңдеуші KEMELDEN жеке кәсіпкерлігінің басшысы Кемелбек Әбілеқұлы.

Шынын айту керек, елімізде теріден аяккіім мен өзге де дайын өнім шығаратын кәсіпорын жоқтың қасы. Бұл кәсіппен ай-



ТЕРІ ТУЛАҚҚА АЙНАЛМАСЫН

налысуға ешкімнің батылы бара бермейді. Сайып келгенде, жоғарыда депутат айтқан тері өңдеушілер мемлекеттің қолдауына зәру. Онсыз бұл саланы икемдеп кету екіталай болып тұр.

Астанада өнімдер сапасы мен сәні жағынан ерекше көзге түсіп, көпшіліктің ықыласына бөленіп үлгерген Самғау Нәсіпхан деген азамат бар. Қаладан бірнеше сауда нүктесін ашып, аяқ киімнің сан түрін саудалап отыр. Бүгінде шеберханасында 11 адам жұмыс істейді. Таза бұлғары мен теріден аяккіім тігіуді кәсіп етіп жүргеніне бірнеше жылдың жүзі болған. Самғаумен тілдескенімізде, шығыны көп жұмысты ата кәсіптің жойылып кетпеуі үшін ғана нәсіп етіп отырғанын айтты. «Бұл шаруамен тек ата кәсібімізді сақтай отырып, шынайы жақсы көргендіктен ғана айналысып келемін. Біз үшін машақаты өте көп шаруа. Оған қоса елімізде тері өнеркәсібі жоғала қойылмай отыр. Дегенмен ел аумағында бар өңдеуші мекемелер өзіміздің елдегі шеберханаларды толығымен тері өнімімен

қамтамасыз етуге қауқарлы. Бірақ ел үшін, мемлекет үшін бұл жеткіліксіз. Бұл біздің мемлекеттегі жеңіл өнеркәсіптің тұралап тұрғанын байқатады. Теріні өңдеу бір бөлек, оны бизнес көзіне айналдыру бір басқа. Қытайда кез келген ірі кәсіптің артында мемлекет тұр. Кәсібінен пайда көре бастаған кәсіпкерге мемлекет өзі гарант орнына кепілгер бола отырып оны әлемдік аренаға шығарады. Осылайша бір ғана менеджердің арқасында ел қазынасына қыруар қаражат құйылады. Мұндай тәсіл бізде жоқ. Шынын айту керек, еліміз тері өңдеу өнеркәсібін дамытып, оны өзге елге сатып мемлекетке түсер пайданы молайта алмай отыр. Менің ойымша, мұндай кәсіппен айналысқысы келетіндер де аз. Әр бастама өзін кем дегенде 5 жылда ғана ақтап шығады. Осыдан кейін ғана белгілі деңгейде табыс әкеледі. Көбі уақыт кедергісін жене алмай бастаған істі аяқсыз қалдырып жатады», — дейді кәсіпкер Самғау Нәсіпхан.

Дегенмен өңделетін теріге ең алдымен сапасы жағынан талап қойылады. Өңдеуге

*Нәр алып күннен, жаралған гүлден
Кеудемеде күй боп толғайтын
Қой жайып жалғыз, жапанда жүрген
Қызы ғой ол да Торғайдың* — деген өлең жолдары Торғай қызына, яғни шынайы кейіпкердің, қойшының жалғыз қызының бейнесіне жазылған. Осы күнге дейін ел аузында, той думан, жиындардың сәнін кіргізіп жүрген ән. Өнер өрнегін жан-жақты менгерген өнерпаз халықтың әсіресе, торғайлықтардың жүрек төрінен орын алып, рухы мен руханиятын көтерген. Ел мақтаған ердің өнері өрге озып, өлеңдері бірінен кейін бірі шыға бастады. Ең алғашқы әні жары Күлзипаға арналған «Ұямашы қалқатай» деп аталыпты. Одан бөлек, «Торғай даласы», «Орамал», «Қайдасың», «Шолпаным Жұлдызым», «Торғай қызы» және тағы басқа әндері туған.

Күйші, композитор Болат Хамзиннің есімі республиканың өнер жұлдыздары арасында зор мақтанышпен аталады. Өз кезінде Торғайдың Шәмшісі деген теңеу атқа ие болған композитордың актерлік шеберлігі де болған. Көптеген театрлық қойылымда да бой көрсеткен. Өнерлі жан-ның еңбегі еленіп, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері атағы берілді. Туған жерде Торғайда жүріп-ақ елге есімі танылған.

Алматыдағы консерваторияны тәмамдап, елге оралғанда Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте музыка пәнінен мұғалім болған. Қазірде туған жері Жангелдин ауданында «Болат Хамзин» атындағы өнер мектебі бар. Балаларды өнерге баулыған мектеп осыдан 22 жыл бұрын ашылған. Қазір балалар республикалық, қалалық байқаулардың жеңімпазы екен. Күйші атамыз аз ғұмырында өшпес із қалдыра білді. Болат Хамзаұлының артында қалған туындыларын келер ұрпақ көдесіне жаратары анық.

Биылғы жылғы жоғарыда есімдері аталған тұлғалар мерейтойларымен қатар Торғай қаласының 155 жылдығы мен Жанкелдин ауданының құрылғанына 95 жыл толып отыр. Ғасырдан астам тарихы бар көне Торғайдың тарихы терең. Киелі өлке. Қазақы тіліміз бен дәстүріміз кенінен сақталған. Жастары да жалынды. Алайда Торғай елі шалғай жерде орналасқандықтан тынысы мен тіршілігі ытқары қалып жатады. Осы жазда елге барған сапарымда халық ұсынысы мен өтінішін тыңдап, азаматтарды қабылдау өткіздім. Жангелдин ауданы бойынша жол, интернет, газ мәселесі әлі де көңіл бөліуді қажет етеді. Биыл астықты өлкенің егініне шегірткелер шабуылдап, ақбөкендер отап кету қаупі төнгенімен диқаншылардың бағына орай егін бітік шықты. Халық үшін одан асқан қуаныш болсын ба. «Нан бар жерде ән бар» демекші, халық бейбіт аспан астында туып-өскен өлкенің мерейтойын тойлауда.

Торғай төріндегі торқалы той дүркіреп тойлануы орынды. Ондағы ән мен күй, казак күресі, бәйге жарысы, ақындар айтысы және тағы баскада мерекенің сәнін кіргізер шаралар халықтың мерейін тасытып, туған өлкеге деген махаббатын асырмақ. Осыдан-ақ Торғай топырағы қаншалықты талантқа бай екенін аңғаруға болады. Қарт Торғайдан шыққан тарихи тұлғалардың ерекше қасиетпен дараланып, көне Торғай топырағы қиесінің құдіреттілігінен болса керек. Ылайым, бабалар мұрасымен рухтанатын ел азаматтарының қатары көбейіп, ұлт мүддесіне қызмет ете берсін демекпіз. Торғай төсіндегі торқалы той құтты болсын, ағайын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бауырымыз бүтін, егемендігіміз баянды болғай!

Берік БЕЙСЕНҒАЛИЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты

барлық тері бірдей жарай бермейтінін ескеру керек. Тері талапқа сай болмаса оның пайдасы да болмайды. Бұл туралы Алматыдағы қой терісін өңдейтін зауытының бас директоры Михаил Сотниковтен сұрадық. «Біздің елде тері өңдеу жұмысы жолға қойылмай отыруының негізгі себебі бар. Көбі оған мән бермейді. Әсіресе, биліктегілер деп айтар едім. Олар негізінен сан жағына көп назар аударып кетеді. Мысалы, малды сойған кезде иненің көзіндей тесік қалмауы керек. Тіпті, кейбір жері жұқарып кетсе де өңдеген сәтте ол жұртылып қалады да жарамсыз болып шығады. Сондықтан мал сойған кезде өте абай болған абзал. Мұны тек қой терісіне қатысты айтып тұрғаным жоқ. Барлық түлікке солай. Ал жұмсақ, жібек тон жасау үшін тек меринос қойлардың терісі ғана жарайды. Біздің елде мұндай қой шаруашылықтары өте аз. Және ауылдан келген терілердің дені жарамсыз болып шығады. Біздің елде тері мен жүн шаруасын гүлдендіргісі келетін адамдар көп. Бірақ түрлі әкімшілік кедергілер бар. Сонымен қоса салықты да орынсыз көтеріп, қимыл жасауға мүмкіндік қалмады. Осыған дейін қой терісін өңдеп тон шығарып отырған едік. Бір жылға таяды, ол жұмысымызды да тоқтаттық, себебі қолдау жоқ. Біз қатарлы талай фабрикалардың да жұмысы тоқтап тұр. Сондықтан Үкімет бір шешім қабылдауы керек», — дейді директор Михаил Сотников.

Кәсіпкерлердің сөзінен ұққанымыз — дәл қазір тері мен жүн өндірісін қойып, тек шешелден дайын өнім тасып, пайдаға кенеліп отырған жүйе қалыптасқанға ұқсайды. Президент пәрмен беріп, Үкімет үніліп, бұл шаруаның бетін беріп бұрмаса, қой бағып отырып, терісін шірітіп итке тастаймыз да өзгенің бит қабық бірдемесін киіп жүргеніміз жүрген. Мұндайда жеңіл өнеркәсіпті жолға қою деген құр сөз болып қала бермек.

Қорыта айтсақ, бізге тері және жүн өндірісін дамытудың кешенді жоспары қажет. Мол шикізатты ұтымды пайдалансақ, ұтарымыз да мол болмақ. Тіптен «Ауыл — ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасының бір бағытын төрт түліктен алынған өнімге бұрса, біршама іс бітері анық.

ӨЗІМІЗДІҢ КӨПЕКЕҢ

Көпен Әмірбек — қазақ сатирасының талантты өкілі. Ұғымға айналған есім. Жүрген ортасын әзіл-қалжыңға қарық қып, маңайына шұғыла шашып өткен тұлғаның өмірден озып кетуі жан жүрегіне салмақ салады екен. Сан жыл аға-іні боп сыйласқан, сан сапарда бірге жүріп сырласқан сәттеріміз бар еді.

Көпекең жайлы сөз болса, қазақияның төрт шалғайындағы жұрт «Өзіміздің Көпен» деп ілтипат білдіріп жатады. Халықтың сүйіктісіне айналып, жұртының махаббатына бөлену деген осы шығар.

...2021 жылдың шілдесінде Астанадан ұшып Шымкентке бара қалайын. Әдеттегідей талантты акын інім Бакытжан Алдияр қарсы алды. Қасында белгілі журналист, Көпекеңнің інісі Ерсұлтан Әмірбек бар. Екі ініммен қауышып, Бакытжанның төріне шығып, бір ғажайып күй кешпейміз бе? Күн жанып тұр. Өзі де ыстық Шымкала Бакытжан жырларын тындаған соң тіпті күйіп кеткендей.

— Қазір аға, мынау ас-суды ішкен соң жеңгей екеуінізді Қазығұрттың басында демалыс орны бар, Нұрлан досыма апарамын. Салқын жай, сонда қонып қайтамыз, — деді ол.

Солай болды да. Бесін ауа келген біздерді Нұрлан батыр алақанда аялады. Тау суына шомылып, сарқырамаға шомылып, салқынжайда тыныстап, ғажайып сәттерді бастан өткердік.

Келесі күні қалаға оралсак, Көпекең телефон шалды. Өзі көңілді.

— Шымкалаға қош келдің, Тока бала! — деп қояды. Тока — менің руымның атауы. Кейде қалжынға сүйеп солай атайтыны бар еді. Ерсұлтан айтқан шығар. — Мен Шымкентте «Жол-жөнекей» атты хабарлар сериясын жасап жүрмін. Ертең таңғы жеті жарымда Асанбай Аскаров атындағы саябақта өзіңмен түсірілім болады. Келістік пе? Содан соң қайтқанша бірге жүреміз.

— Келістік, Көпеке! — деймін мен де.

Келер күні күн ысымай тұрып бір жарым сағат армансыз әңгіме-дүкен құрдық. Небір тосын сауал, әзіл-қалжың кетіп жатыр. Тіпті, телехабар екенін ұмытып кеттік-ау деймін.

Шымкенттен қайтқанша бірге жүрдік. Оның адамды аялай алатын көңіліне, еңбекқорлығына, ізденісіне қатты риза болдым.

Ана бір жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде белгілі тұлғалармен, акын-жазушылармен сұхбаттар сериясын жасады. Мен сол кезде бас редактордың орынбасары едім. Көпен Әмірбектің кез келген сұхбаты оқылымды болды. Жарық ой мен жанды сөздің қосындысы секілді қабылданатын.

Астанаға қоныс аударғанымда да алғашқылардың қатарында қоңырау шалған Көпекең болды. Ала танмен Есіл бойын жағалап ұзақ сырласатынбыз. Кейде кенжесі Жұбанышты бірге алып шығатын.

— Көшіп келгенің керемет болды, таңғы ауа қандай, ә, — деп мәз болатын еді.

...*Тастағандай тамызың шоққа қалың,
Қалжыңыңмен талайды қақтағаның,
Елең-алаң Есілді жағаласам —
«Көпен келе жатыр ма?» деп қаламын.*

*Ұлы да өткен жалған бұл,
Ірі де өткен,
Тілің семсер секілді тіліп өткен...
Жарық болсын алдыңыз,
Жақсы ағасы —
Күліп келіп өмірге, күліп өткен.*

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері



Күліп келіп өмірге, Күліп өткен...

ЕЛ ТАНЫП, ЖҮРТ СЫЙЛАҒАН
ҚАЙРАН АҒАМ!

*Өмірдің жолы күрделі әрі бұралаң,
Жаратушымыз оны ақ-қарадан құраған.*

Қай заман болмасын, кімнің болмасын жол, үлгі көрсететін, жөн сілтейтін, арқа сүйейтін тұлғасы болады. Мен үшін арқасүйер ардақты адам сатира сардары, ел танып, жұрт сыйлаған Көпен аға еді.

Әкем жазушы, сатирик, этнограф Сейіт Кенжеахметұлын өмір бойы құрмет тұтып, еңбектерін насихаттауға сүбелі үлесін қосты. Сатира жанры кенже қалып бара жатқаны жанын ауыртатын. Көпен ағаның қолдауымен республика көлемінде Қостанай облыстық мәдениет бөлімінің басшысы Ерлан Қалмаковтың ұсынысымен «Мірдің оғы» сатира театрларының фестивалін ұйымдастырып, жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырған еді. Қазылар алқасының төрағасы ретінде ортада тау тұлға болып отыратын. Жастарға ақыл-кенесін, сынмен емес, ұтқыр сөзімен күлдіре отырып айтатын. Ешкімнің жанына қаяу салмай, көлеңке түсірмеуге тырысатын. Парасаты мен пайымы мол, мейірімі мен шапағаты ерекше сәуле шашып тұратын. Баз біреулер сияқты руға, жерге бөлініп, сиырбүйректенуді әсте білмейтін. Жүріп өткен жерінде қошемет пен құрмет көрсетпейтін халық, күлкі мен ұтымды сөзі қалмайтын жері болмайтын.

Мені қатты ойландырған бір сөзі есімнен кетпейді. Шалғайда жатқан Арқалық, Қостанай қалаларына барғанда өнерлі жастарға риза болып, танданысын жасырмайтын, риза болатын. Әкем туралы көп, жиі айтатын, аузынан тастамайтын. Бірде мен әкем туралы сөз сөйлегенде «Мен саған «бұлбұл» деп ат қойдым. Сөз саптауың жақсы екен. Әкең Сейіт менің ағам ғой» деп мерейімді өсірсе, бірде «Мен Зәмзәгүлді көргенде мешіт көргендей боламын» деген сөзі мені қатты ойландырып тастаған еді. Бұрын-сонды осындай тамаша өрнекті сөз естімеген едім. Ойы терен, астарлы, сұлу сөздің бағасы мен құнын білетін қайран ағам-ай. Тек менің ғана емес, жан-жағындағы үлкен-кішілердің жақсы жағын ғана көріп, өмірінің әр сәтін бағалай алды. Өмір жолы жасындай жарқыраған, сондай мазмұнды, мәнді, тамаша.

Қамшының сабындай ғана қайран тірлік бір күні шарт сынары, ішер суымыздың таусылары әмбеге аян. Өмірдің өзі қызыққа толы болғанымен, өтетіні өзекті өртейтіні өкінішті... Әсіресе, қимас жанын мәңгілік мекеніне шығарып салып, өткен күндерді сағынышпен, көз жасын бұлап отырып еске алатын жәкiндарына аса ауыр... Сәт сайын өкініштің өзені арнасынан тасып, қайғының қара жауыны нөсерлетіп кететіні-ай...

Жан жарым, Асылханым айықпас дертке шалдығып, кейін өмірден озғанда көз жасымды көл қылып жүргенде қасымнан табылды, басу айтып, шын ағалық ниетін білдіргенін, менің қайғымды бөліскенін қалай ұмытармын?! Көпен аға жылулықтан, мейірімнен, іріліктен, мәрттіктен... жалпы қандай жақсы қасиеттер бар мына әлемде, соның барлығын бір бойына жинаған, жүрген жерінде соны үлестіріп жүретін ерекше жан еді. Әттен, өткен шақта айтуға тура келеді-ау.

Ардақты ағаның ғұмырдариясы мәңгілік ағысқа ауысты... Кеудемізде жан барда аяулы Көпен ағаның жарқын бейнесі ұмытылмақ емес!

Орнын пейіштің төрінде болсын, бақұл бол, жан Аға!!!

Зәмзәгүл КЕНЖЕАХМЕТОВА,
Сейіт Кенжеахметұлының қызы

КӨПЕН ҚАЙТА ТУМАЙДЫ

«Туған ай — тураған ет» дейді. Көпен Әмірбек дейтін бірегей тұлғаны қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі деп айтсақ, артық емес. Сол кісінің де дүниеден өткеніне бір жылдың жүзі болыпты. Жыл бойы әртүрлі форматта: шығармашылық кештерде, қоғамдық орындардағы кездесу-жиындарда, әлеуметтік ортада болсын, Көпен ағаның орны ошақтай болып, көрініп тұрды. Жоктығы білінді.

Көпен ағаны студент кездерден бастап-ақ таныдық. Кейін келе жанына серік болып, ізінен ерген інілерінің бірі ретінде қасында жүрдік. Ол кісі — қай саланың өкілі болса да, тіпті бизнес саласында жүрген жігіттерге де жақсы аға бола білген азамат. Сол көп інілердің қатарында өмірдің әртүрлі бұралаң, күнгей-теріскейінде де қасында бірге жүрген іні болдық.

Садықбек Адамбеков, Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіров салып кеткен сатира саласында, XX ғасырдың 90-жылдарындағы әдебиеттің құлдырау кезеңінде, одан кейінгі әдеби рухани кеңістіктің солғын тарта бастаған кезінде де осы сатира саласында өте бір жемісті еңбек етті. Тек сатирада ғана емес, аударма, эссе, басқа да жанрларда өте сапалы қызмет еткен, халыққа жақсы шығармалар ұсынған азамат.

Көпен аға 60-қа толған кезде Қадыр Мырза Әлінің «Алпысқа келген ақула» деп жазғаны бар. Ол кісінің шығармашылық келбетін, қайраткерлік қырын, адами болмысын, інілік ізетін кереметтей суреттеп жазды. «Ақуланың түрі көп. Соның бір түрі уылдырықтан өспей, бірден ақула боп туады. Өзі өте ірі, өте салмақты тұқым болса керек. Сондықтан да болуы керек, өмірге келе сала жүзіп, жүзіп жүріп өлетін көрінеді. Жүзбесе, судың түбіне кетеді. Өйткені ауыр. Жүзіп жүргенде білінбейді. Сәл тоқтаса — қауіп, өлім... Мен Көпен бауырымды көптен білем. Оның бір асықпай жүргенін, жұмыссыз жүргенін, алаңсыз, тыныш отырғанын көргенім жок. Үнемі шаруа үстінде, үнемі іздену үстінде. Өйтпесе, әлгі ақула секілді құрдымға кететін түрі бар. Жақсы қасиет, жақсы қылық! Жасыратыны жок, мен өзім де осындай адаммын. Демек, Көпенді жақсы көруім, табиғи туысым деп есептеуім заңды құбылыс...» дейді Қадыр аға. Расында, айна қатесіз, Көпен аға да бір тынбайтын адам еді. Әдебиетке қалай келді, солай ақула сияқты тынымсыз еңбек етіп, әдеби ортаға танылды. Оқуға түсті, оқу оқып жүріп, әскерге барып келді. Қиыр Шығыста әскери борышын өтей жүріп, ұдайы редакцияға хабарласып, шығармаларын жіберіп отырған. «Балдырған», «Пионер» (қазіргі «Ажжелкен») журналдары мен «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газеті сияқты балалар басылымдарына жиі жазып отырған.

Ақула секілді Көпен аға өмірі де еш қозғалыссыз болған емес. Тынымсыз еңбек етті. Сатираны жазып жүріп, сатиралық театрдан да алыс кетпеді. «Көпен келе жатыр» деген әзіл-сықақ театрын құрды. Оның сыртында «Заман-ай» дейтін жыршы-термешілердің

республикалық фестивалі болды. Соның да басы-қасында өзі жүрді. Сол фестивальға Қадыр Мырза Әлі аға бастап барған еді. Шәмші Әбілтай, Көпен аға, бәріміз бірге Қызылордада фестивальды өткізіп қайттық. Өте қиын уақыт болатын. Соған қарамастан ұлттық мұра, дәстүрлі мәдениетіміз өшпесін, өлмесін деп демеуші тауып, бас жүлдеге көлік беріп, керемет кеш өткізіп еді.

Көпен аға түлеп ұшқан туған жерінде, қара шаңырағында болдық. Әмірбек әулетінде бәрі шығармашылыққа жақын. Төпен дейтін әзілге бейім, сөзді тауып айтатын мықты інісі бар еді. Ол кісі де өмірден өтіп кетті. «Балапан базар» дейміз, Базарбек Түкібаев дейтін туған інісі бар. Ол кісінің де сатирада үлкен орны бар. Ең кенжелері Ерсұлтан Әмірбек те журналистика саласында жүрген жақсы азаматтардың бірі. Сағынышы мен Қуанышын, Жұбанышын ерекше жақсы көретін. Перзентіне деген әкелік қамқорлығы бөлек еді.

Ұзақ жылдар бойы «Шалқар» радиосында қызмет істеді. Кейін радио Алматыдан Астанаға қоныс аударғанда ол кісі де бірге көшіп келіп, астаналық атанды. Оқта-текте Астанаға іссапармен келген уақытта Көпен ағаға арнайы соғып, амандасып қайтатын едік. Ол кісінің болмысының өзі бөлек болатын. Кім киісі де ерекше еді. Өзінің «Волга» көлігі бар, біз келгенде сол көлігімен қарсы алатын. Кішкентай Жұбанышы қасында бірге жүреді. Көлік жүргізу мен киім киюдегі үлгісі ерекше болса, шығармашылықтағы үлгісі де ешкімге ұқсаған жок. Оспанханға еліктеп, сол кісінің жетегінде кеткен жок. Болмаса, Садық Адамбеков секілді сатирадан роман жазған жок. Сатирадан да ешкімге ұқсамайтын өз орнын тапты. Үмбетбай Уайдиннің өз бағыты, Толымбек Әлімбекұлының өз стилі болды. Кейінгі жас жігіттер: Қанағат Әбілқайыр, Қанат Ескендір секілді жігіттерді тәрбиелей жүріп, мүлдем бөлек қолтаңба қалдырды. Көпен Әмірбек деген аты-жөнін алып тастап, шығармасын оқысаныз, қолтаңбасын бірден танитын деңгейге жеткізді. Жазушылар одағындағы айтыс-тартыстарға да араласқан жок, ондай сәттер болса да, әділет жағына жығылатын, өзінің ой-пікірін ашық айтатын, кез келген топтың сөзін сөйлеп кетпейтін таза адам болды.

Кемеліне келіп, ел ағасы жасына жеткен шақта ол кісінің дүниеден өтуі — туыс-туған, біз секілді інілері үшін де емес, жалпы әдебиет әлемі, руханият ауылы үшін де ауыр қайғы болды. Ол кісінің екінші өмірі басталды. Оның есімін ел жадында сақтайды. Сол жолда түрлі іс-шара ұйымдастырып, туған жерінде, ғұмырының ұзақ уақытын арнаған асқақ Алатауының баурайындағы Алматы мен өмірінің соңғы сәттерін өткізген Астанасында көше аттарын беру, ескерткіш тақта орнату секілді еңбектер атқарылуға тиіс деп есептейміз. Уақыт ұзаған сайын ол кісінің орны айшықтала береді. Біз ол кісіні сағынатын боламыз. Көпен аға енді қайтып тумайды, қайтып келмейді...

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты





Жеңіс НЫҒМЕТУЛЛИН,
Батыс Қазақстан облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының төрағасы:

ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРІН ДАМУЫҒА БАСЫМДЫҚ БЕРЕМІН

Батыс Қазақстан облыстық Дене шынықтыру және спорт басқармасына жақында жаңа басшы тағайындалды. Бұл орынға облыс әкімінің өкімімен Нығметуллин Жеңіс Махамбетұлы отырды. Жаңа басшының алға қойған жоспарлары қандай? Өңірде спорт саласында кемшіліктер бар ма? Ол олқылықтарды қалай түзейміз? Осы орайда біз басқарма басшысына бірнеше сауал қойған едік.

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қытайда өткен ХІХ жазғы Азия ойындарының жүлдегерлерін қабылдауы кезінде қазір спортқа мықты реформа керектігін атап өткен болатын. «Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тиісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдарын ұсынуы керек», — деген еді. Сіз осы салаға келген жас басшысыз. Алға қандай мақсат қойып отырсыз?

— Бірінші кезекте олимпиадалық спорт түрлерін дамытуға күш саламын. Сонымен қатар біздің өңірге тән, біздің жақтың спортшыларының табиғатына келетін спорт түрлері бар. Атап айтсақ, байдарка және каноэ есу, дзюдо, әйелдер күресі, біздің шорт-трекшілер және соңғы жылдары өте жақсы көрсеткіш көрсетіп жүрген садақ атшыларды атап өтер едім. Біздің байдарка және каноэ есушілеріміз соңғы жылдары өте үлкен жетістікке жетіп жүр. Бұлардың бәрі — олимпиадалық спорт түрлері. Бұлар біздің өңірде өте жақсы дамыған.

—Сөздің басын өңірдегі спорттық кешендерге қарай бұрсақ. БҚО-ғы спорттық нысандардың жай-күйі қалай?

— Жалпы облыста Спорт басқармасына бағынысты 27 мекеме бар. Олардың бәрі спорт саласына үлес қосып жүрген мекемелер. Оның ішінде 22 балалар және жасөспірімдер спорт мектебі бар. Олардың 13-і ауландық, ауылдық жерде қалғаны осы Орал қаласында орналасқан. Олар — әртүрлі деңгейдегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі. Бұл мектептер спортшыны дайындайтын алғашқы баспалдақ. Облыста олимпиада резервін дайындау орталығы, жоғары жетістіктер спорт мектебі және облыстық мамандандырылған олимпиада резервінің мектеп-интернат колледжі бар. Екі спорт клубы бар. Осы ұйымдар өңірден талай мықты майталман спортшыларды шығарып келеді. Әрине, бұлардың қатарында күрделі жөндеуді қажет ететін спорт нысандары да бар. Кейбірінің материалдық-техникалық базасы өбден тозған. Біз ол жұмыстарды біртіндеп атқаратын боламыз.

—БҚО-да спорттың қандай түрін дамытуға күш салу керек деп есептейсіз? — Біздің облыста спорттың 85 түрі бойынша жұмыс жүреді. Оның ішінде,

кемшін тұстары әдетте бар. Біздің өңірде кенже қалып отырған спорт түрі — жеңіл атлетика. Жеңіл атлетика былай қарасаң, өте оңай спорт түрі секілді. Секіресің, жүгіресің түк қиындығы жоқтай. Бірақ бұл спорт түрі сырт көзге ғана солай оңай көрінеді. Біз қазір осы спорт түрін дамыта алмай отырмыз. Оған себеп инфрақұрылымының жоқтығы, материалдық-техникалық базаның тозығы жеткені. Олан бөлек, біздің өңірде жеңіл атлетиканы үйрететін, дайындайтын білікті маманның жоқтығы. Қазір біздің жеңіл атлетикаға қызығатындар жаздың күні П.Атоян атындағы стадионда жаттығады. Бірақ ол жердің де жүгірі жолағы өбден тозған. Ал қысқы күндері жеңіл атлетикамен айналысатын жабық орын жоқ. Біз қазір бір жеке кәсіпкерден жалға алып отырмыз. Ол жер бірақ өте кішкентай, тар.

Қандай спорттың болсын дамуына тек мемлекеттік құрылым ғана жауап бермейді.

Сонымен қатар сол спорт түрін дамыту мақсатында құрылған, қолдау көрсететін федерациялардың қолдауымен жүзеге асады. Біздер де өз кезегінде жеңіл атлетика республикалық федерациясына жылда сұраныс жібереміз. Бізге мамандар жіберіңіз, қолдау көрсетіңіз деген бағытта. Өкінішке қарай, біз әзірге оң жауап ала алмай келеміз.

— Жалпы, өңірдің спорттағы жетістігі қалай?

— Бізде ең көп жетістік әкелетін бұл — олимпиадалық спорт түрлері. 2020—2021 жылдары жазғы және қысқы олимпиада ойындары өтті. Спорттағы нәтиже, ең сыналатын жері бұл олимпиада. Сол жазғы және қысқы олимпиада кезінде Қазақстан құрамасы сапында біздің өңірден спортшылар өнер көрсетті. Олимпиада ойындарында су добынан Қазақстан құрамасы сапында қақпашы Павел Лепилин және қорғаушы болып Данил Артюх, спорттық жүрістен Георгий Шейко құрама команда да бақ сынады. Өкінішке қарай, бұл азаматтар Токио олипиадасында жеңіс тұғырынан көрінген жоқ. Одан кейін Бейжіңде өткен қысқы олимпиада кезінде облыстан барған шорт - трекші Әділ Галияхметов жекелей сында финалға дейін жетіп, 8-ші орынға тоқтады. Ал команда-лық сында 5-ші орынға табан тіреді. Мұның өзі жақсы нәтиже. Себебі олимпиада ойындарына сайлын тасындай іріктелген ең мықты спортшылар қатысады.

Бұлардан бөлек, паралимпиада, сурдо-олимпиада бар. 2022 жылы Бразилияда өткен есту қабілеті төмен спортшылардың арасында сурдоолимпиадалық ойындар өтті. Сол ойындарда біздің Дина Ержанова 3-ші орынға ие болып, қола медаль алды. Бұл да аймақ үшін үлкен жетістік. Халықаралық олимпиадалардан бөлек ел чемпионаттары да өтеді. Ол чемпионаттарда да біздің спортшылар жоғары спорттық шеберлік көрсетіп жүр. Тіпті, ел тәуелсіздік алғалы облыс тарихында болмаған жетістіктерді әкелген чемпиондар бар. Атап айтсақ, ашық суда жүзуден Данил Жандосов, ауыр атлетикадан Өтепберген Алиев, Дзюдолан Көлбай Темірлан, Гаухар Ермағанбетова, еркін күрестен Нұржан Исағалиев, үстел теннисінен ағайынды Кенжеғұлов Дастан мен Айдос, Санжар Жұбанов секілді спортшылар Қазақстан чемпиондары атанды. Елімізге белгілі алда 2024 жылы Кореяда өтетін жасөспірімдер арасында олимпиада бар. Және 2024 жылы Парижде өтетін жазғы олимпиада бар. Осы ірі екі олимпиадаға біздің өңірден қатысады деп үкілеп отырған спортшыларымыз бар. Олардың қатарында байдарка және каноэ есуші Мария Бровкова да бар. Себебі ол әлі жас, бар болғаны —18 жаста. Алда ол қатысатын талай олимпиада бар. Сол себептен жүлделі орын алады деп күтіп отырмыз. Қазір Марияға барлық қолдау жасалып жатыр. Дзюдолан жасөспірімдер арасында өткен олимпиада жеңімпазы Нұрлан Исатаев деген баламыз әлем чемпионы атанды. Қазір біздің сол баламыз мамандандырылған

меткеп-интернат колледжінде білім алып жатыр. Қазір федерацияның қолдауымен алдағы уақытта Жапонияның Токио қаласына оқу-жаттығу жиынына жүргелі отыр. Біз қазір осындай жастарымыздан алдағы уақытта үлкен үміт күтеміз.

— Жалпы, БҚО-да спорттың дамуына жағдай толық жасалған ба?

— Инфрақұрылым мәселесі өте өзекті. Бір ғана мәселені айтайын. Біздің Орал қаласында Халықаралық дәрежедегі чемпионат, тіпті Қазақстан чемпионаттарын өткізуге арналған үлкен кешен жоқ. Қазір бізде ең үлкені Әйтиев атындағы спорт залы және мұз спорт сарайы, теннис залы ғана бар. Бірақ олардың өзі стандарттарға сәйкес келмейді. Біз ол спорт кешендерінде халықаралық чемпионатты айтпағанда, Қазақстан чемпионаттарын да өткізе алмаймыз.

Осы олқылықты жою үшін Президент Қасым -Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс басшылығының қолдауымен биыл Орал қаласында үлкен көп функционалды спорт кешенінің құрылысын бастадық. Бұл спорт кешені барлық стандартқа сай салынатын болады. Ол жерде бірнеше спорт түрін дамытуға жағдай жасалады. Оның ішінде бассейн, садақ ату залы, үстел теннисі, батуттық гимнастика, жеңіл атлетикалық манеж, ойын залы, футбол, волейбол, баскетбол залдары болады. Ең бастысы 1 200 көрерменге арналған үлкен залы болады. Қазір құрылысы жүріп жатыр. Бұйырса 2024 жылдың аяғында іске қосуды жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт кешені салынатын болады. Сонда алдағы жылы осы екі спорт нысаны қолданысқа беріледі деген жоспарымыз бар. Бұлар спорттың дамуына, бұқаралық спорттың дамуына жаңаша серпін береді деп ойлаймын.

— Балалар мен жасөспірімдер спорты жиі сынға ұшырайды. Балалардың спортпен шұғылдануына толық жағдай жасалмаған деген сын көп айтылып жүр.

— Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жолдауында балалар спортын дамытуды, бұқаралық спорты дамытуды спорттағы басым бағыттар болу керек деп тапсырма берген болатын. Енді осы орайда біздің облыстағы 27 спорт ұйымында облыс бойынша 15 мыңға жуық бала тәрбиеленіп жатқанын атап өткім келеді. Олар ол жерде спортпен кәсіби түрде айналысады, үлкен мектептен өтеді. Қазір спортқа бөлінетін қаражат көлемі үлкен. Бұрын-соңды спортқа дәл қазіргідей көңіл бөлінген емес. Мен өзім 2017 жылдан бері спорт саласында қызмет атқарған адам ретінде мұны айта аламын. Қазір біздің басқарманың бюджеті 11 млрдтан асады. Облыста жеке спорт секцияларымен 12 мыңнан астам бала қамтылды. Балалар спорты дегенде қалалық жерде спортпен айналысуға жардай барын ескеруіміз керек. Бізде аздап ауылдарда қиындық бар. Себебі сол баяғы инфрақұрылымға келіп тіреледі. Ауыл балалары спортқа барғысы келеді, сұраныс өте жоғары. Сондықтан біз қазір ауылдағы ескі ғымараттарды, пайласыз тұрған кафе, мейрамханаларды спорт кешендеріне айналдырып жатырмыз. Оны ауылдағы кәсіпкерлердің қолдауымен атқарып отырмыз. Сол ауылда жүріп спортпен алғашқы қадамын жасаған балалар кейін біздің қаладағы спорт интернаттарына келеді, тәлім алады.

— Жәніс Махамбетұлы алдағы жоспарларыңыз қандай?

— Қазір Дене шынықтыру және спорт туралы заңына өзгеріс енгізу жоспарланып жатыр. Бұрын жалпылама жазылған ұғымдар нақтыланып, толықтырылуда. Мен өзім олимпиадалық спорт түрін дамытуға күш салатын боламын. Себебі кез келген спорттың биік шыңы, олимпі — олимпиада. Негізгі жұмысымда әділ әрі ашық болғым келеді. Біздің облыста спорт саласына халықтың сыни пікірі өте көп, сұрақтары да көп. Әсіресе, ақша қайда кетіп жатыр деген сұрақты көп қояды. Балалар спортына бөлінген қаржы сол баланың игілігіне жұмсалып жатыр ма деген сұрақты біздің тұрғындар ашық қойып жүр. Сондықтан да халықтың көкейінде сұрақ қалмайтындай ашық жұмыс істегім келеді. Мен ешқандай сыннан, ашық пікірден қорықпаймын, қашпаймын да. Әлеуметтік желі арқылы, басқармаға келіп те өз ойларын айтатын әр азаматқа ашық екенімді жеткізім келеді. Халықтан түсетін ұсыныстарды қолдауға дайынмын. Өңірде бұқаралық спортты дамытуға күш салғым келеді.

— Өңірімізге рахмет!

Өңігімелескен
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ҚҰРЫҚ САЛАМЫЗ?

Биыл Жамбыл облысында азық-түлік бағасының инфляциясы 4,7 пайызға жеткен. Әсіресе, бидай өнімінен жасалатын тауарлардың құны қараша айы келе құбылып, бұлқина түсті. Тұранделікті тұтынып нан бағасының 100 теңгеден 120 теңгеге өскені өңір жұртшылығының жанайқайын туғызғаны да жасырын емес. Осы орайда қандай көкөніс құны көкке ұшты? Бағаны тұрақтандыру бағытында қандай жұмыстар жасалып жатыр? Осы мәселеге майшам салып, тараптарды тыңдап көрдік.

Ең әуелі бұқара бір айда азық-түлікке қанша қаржы жұмсайтынын білмек мақсатта тұрғындарды тілге тарттық. Денінің жауабы санаға салмақ салып, ойды сан саққа жүгіртті.

— Бір отбасына айына шамамен 100 мың теңгедей кетеді. Оның өзі тауарды үнемдеп тұтынып, кейбір түрлерін мүлде сатып алып алмаған жағдайда. Әйтпесе, орташа бір жанұяны асырау үшін 200-300 мың теңгеге дейін азық-түлік алуға жұмсалып кететіні жасырын емес. Алайда ондай қаржы бәрінде бірдей бола бермейді. Сондықтан балаларымыздың аузын тәтті-

вартдық келісімшарт жасалды. Ол келісімге картоп, піяз, қырыққабат, сәбіз сияқты әлеуметтік маңызы бар көкөніс өнімдері кіреді, — дейді басқарманың бас маманы.

Қараша айы келе жұмыртқаның да бағасы құбылып тұр. Сауда орындарында кіші жұмыртқаның бір данасы 54 теңгеден сатылып жатса, үлкендерінің құны 60 теңгеге жеткен. Яғни, қорапқа салынған 10 жұмыртқаны алу үшін 600 теңге шығындайсыз. Облыстық Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының мамандары бұл бағытты



ден тыйып, күнделікті тұрмысқа қажетті тауарларды ғана алып күнелтудеміз. Бірақ соның өзінде жетпей жататын жағдайлар көп болады, — дейді Тараз қаласының тұрғыны Гүлнұр Риятқызы.

Меруерт Сашева да бұл ойға қосылады. Ол тіпті жолдасы екеуі екі жақтап жұмыс істесе де, жыртғын жамай алмай жүргенін жасырмауда.

— Жолдасым екеуіміз төрт бала тәрбиелеп отырмыз. Алайда екі жақтап жұмыс істесек те, жоғымызды түгелдеу қиынға соғып жатыр. Олай дейтініміз — күнделікті азық-түліктен бөлек, балалардың киімі, сатып алатын қажетті дүниелері бар. Оған енді апта сайын баратын той-томалақты қосыңыз. Нәтижесінде, 200-250 мың айлық тапсақ та, киналып қалатын сәтіміз көп. Сондықтан тұрмысқа ең қажетті азық-түлік бағасы тұрақты болса екен деймін, — дейді Меруерт.

Жалпы, халықтың қай деңгейде тұрмыс кешіп жатқанымен тілдеспесек те, бір айлық азық-түлікке кемі 100 мың теңге кететінін айтады. Ал елімізде орташа айлық жалақы 85 мың теңге ретінде ресми көрсетілсе, сонда бір жанұяны асырау үшін айлықтың өзі жетпейтіні анық болып тұр. Мұндайда қайтпек керек?

Жамбыл облыстық Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының бас маманы Ельяр Құрманбектің айтуынша, білік өкілдері тарапына азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында кешенді шаралар қолға алыныпты.

— Тараз қаласында 1-сұрыпты бидай өнімінен жасалатын нан бағасының 100 теңгеден 120 теңгеге бірден қымбаттауы бұқараның шағымын туғызғаны рас. Қазір біз осы бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Бұйыртса, қабылданған шаралардың арқасында нан бағасы қайта 100 теңгеге тұрақтайды деген жоспар бар.

Бұдан бөлек, өңірлік тұрақтандыру қоры арқылы 7 500 тонна тауарға фор-

да назардан тыс қалдырмағанын айтады. Олардың жоспары бойынша алдағы уақытта жүргізілген келісімшарттар негізінде жұмыртқаның бір данасы 49 теңгеге түседі деп отыр.

Жамбылда күріш бағасы да байлауға көнбей тұр. Дүкендерде 1 келі күріш 850 теңгеден саудаланады. Ал көтерме сауда орындарында 700 теңге болса, 5 келі қаптағы күріш 3 500 теңгеден өтеді. Халық қаптап алып ұтуға тырысқанымен де, оған да аз ақша кетпейді.

Тараз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі берген ақпаратқа сүйенсек, жыл басындағы бағалармен салыстырғанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларынан 4 позициясы (күріш, сәбіз, қырыққабат, сиыр еті) бойынша 14-31 пайызға қымбаттау тіркеліпті. Ал шағын дүкендердегі тауарлардың 9 позициясының бағасы (күріш, сәбіз, қырыққабат, сиыр еті, майлылығы 2,5% айран, майлылығы 72,5% кем емес сары май, 1 санаттағы жұмыртқа, тұз, сүзбе) 3-52 пайызға шарықтап кеткен. Осы саңдардың өзі ойландырмай қоймайды.

Қазір облыстық Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы әлеуметтік маңызы бар 9 тауар бойынша 16 053 форвардтық келісімшарт жасаған. Білік өкілдерінің артып отырған сенімі де осы. Алайда аталған келісімшарттан қандай нәтиже шығатынын уақыт көрсете жатар. Бірақ 9 тауарға ғана форвардтық келісімшарт жасап, азық-түлік бағасын толықтай тұрақтандыра алмайтынымыз айдан анық. Оған қоса, соңғы уақытта азық-түлік бағасын негізсіз өсірген 62 бизнес өкіліне хаттама толтырылған. Осыған қарап-ақ сауда орындары мәмілені ұстанып, бағаны тұрақты ұстайды деп айту қиын.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Ашық тендер амалымен «IDS & CCTV периметрлік жүйесін ауыстыру» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «IDS & CCTV периметрлік жүйесін ауыстыру» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 4, жалпы сомасы 1 006 087 293,40 теңге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 24 қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 24 қарашада, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады:

Объявление о проведении закупки товаров «Периметральная система IDS & CCTV» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Периметральная система IDS & CCTV». (Количество лотов — 4, на общую сумму 1 006 087 293,40 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 24 ноября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 24 ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«Теміржолсу—Ақтөбе» ЖШС, БСН 040340004951, 2023 жылдың 02 маусымдағы №4 директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес, өзіне 2023 жылдың 01 қарашадан бастап «Теміржолжылу—Атырау» ЖШС-ны қосып алу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы барлық кредиторлар мен контрагенттерге хабарлайды.

2023 жылдың қараша айына және ары қарай сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтер және жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі қызметтер үшін төлемдер төменде көрсетілген банк реквизиттері бойынша жасалуы тиіс:

«Теміржолсу—Ақтөбе» ЖШС-ның мекенжайы мен банк реквизиттері:

Занды мекенжайы: Республика Казахстан, г.Ақтөбе, ул. 8 Марта, 7
Нақты мекенжайы: Республика Казахстан, г.Ақтөбе, ул. 8 Марта, 7
БСН 040340004951
БСК HSBKZKZX
ЖСК KZ206010121000015640
«Народный сберегательный банк Казахстана» АҚ
Тел. 8 7132 97 63 33
Эл. мекенжай: tzhs_aktobe@mail.ru

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтер және Жылу энергиясын беру және /немесе тарату жөніндегі қызметтер ұсынуға арналған үлгілік қоғамдық шарттармен «Теміржолсу—Ақтөбе» ЖШС-ның www.temir-zholsu.kz сайтында танысуыңызға болады.



ОСЫ ЖҮРТ НҰРМАНОВТЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Белгілі жазушы Ақан Нұрмановтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр. Осыған орай Ұлттық академиялық кітапханада «Алыс та жақын Ақан Нұрманов» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиынға зиялы қауым өкілдері, жазушының көзін көрген қаламгерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жиын «Ақан да аққан жұлдыз Арқадағы» атты Ақан Нұрмановтың өмірі мен шығармашылығына арналған видеорикпен ашылды.

Қарымды қаламгер туралы жылы естеліктер легін Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері Төлен Әбдік бастады.

— Әдетте оқырман жазушыны шығармасы арқылы таниды. Адамның жеке басының өзі бір шығарма ғой. Адамның мінез-құлқы, өмірдегі жүріс-тұрысы, қоғамдағы орны туралы оны көзі көргендер айтады. Ақан Нұрмановпен заманымыз бір болды, ол менен сегіз жас үлкен. Біз университет бітірген кезде Ақан жас жігіт еді, ол кезде екі прозалық жинағы жарық көрген, бірақ өзі өте түйік кісі болатын. Көп сөйлемейтін. Қалихан Ысқаков, Рамазан Токтаров, Әкім Тарази секілді достары жарқын сөйлеп, күліп жүргенде Ақан төмен қарап отыратын еді. Содан кейін Ақанның тағы бір жинағы шықты, ол повесте әлеуметтік мәселелер баса айтылып, адамның жан дүниесі ашылмай қалған секілді көрінді. Сөздің шыны керек, менің Ақанға деген үлкен ықыласым болмады. Жакын араласпадық. 1968 жылы Ақан қайтыс болды, 35 жастағы жап-жас жігіт еді. Үйіне көңіл айтып бардық, жазушылар болды. Арасында Әбу Сәрсенбаев, Мұқағали Мақатаев бар еді. Сонда есімде, Мұқағали бұлығип отырып: «Ақан өмірде түк көрген жоқ, көзі тірісінде қаламдастарынан да жақсы сөз естімеді» деп біраз сөйлеген. Содан «Құланның ажалы» жарыққа шыққаннан кейін біз Ақанды қайта танығандай болдық. Ол кезде ой-өрісі әбден орныққан, өз биігіне жеткен үлкен жазушылардай жазған еді. Шығарма қандай шынайы! Оқиғасы қандай тартымды. Алғашқы бетінен бастап оқырманды жетелей жөнеледі. Осыдан кейін Ақанды басқа қырынан көрдік. Сөйтіп, Ақанның екінші рухани өмірі басталды. Бір нәрсені ашып айтуымыз керек, тәуелсіздік алғаннан кейін Кейкі батыр туралы көп дүние айтылып та, жазылып та жатыр. Бірақ Ақан туралы айтқан бір адамды естігенім жоқ. Кейкіні тірілген Ақан болатын. Сонау 60-жылдардың өзінде советтік идеологияның күйіп тұрған кезі еді. Кейкінін атын айта алмайтынбыз, сол кезде үндемей жүріп, осындай ғажап шығарманы жазу — үлкен ерлік. Шығар-

маның екі-үш тарауы орысша жазылып, аяқталмай қалды. Оны досы Қалихан Ысқақ қазақшаға аударып, соңғы нүктесін қойды. Ақан өмірден ештеңе көрмей кетті дейміз, бірақ оның қандай жазушы екенін жұрт біледі. Алайда ол кісіге деген құрмет әлі де жетіңкіремей жатқан секілді. Ақанды кеңінен дәріптеу, оның қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау — болашақтың ісі, — деп ойын түйінделді.

Әрі қарай халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Тұрғынбекұлы жалғап кетті.

— Ақанның шаңырағы өте қонақжай еді, жас күнімде осы кісінің үйінде тұрдым. Рамазан Токтаров, Әкім Тарази, Сайын Мұратбеков Ақанның үйінен

келді. Осы шығарманы Қалихан ағамыз аяқтағанымен, соңғы тарауы сол күйінде қалғанда әлдеқайда жұмбақ болар еді деп ойлаймын. Бастысы, Ақан Нұрмановтың осы романынан үйренетін өнегенің бірі — білім мен мәдениет», — дейді публицист.

Драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова да Ақан ағаның шығармашылығы туралы пайымды пікір білдірді.

— Сайын, Әкім ағалар әңгімесінде екі адам туралы айтатын. Олар — Ақан Нұрманов пен Тельман Жанұзақов. Екеуі де өмірден ерте кетті. Әкім ағаның күнделігінде «Бір кезде Ақан қайтыс болғанда біз достан айырылдық деп күйіндік, енді қарасам, ол тек дос қана емес, бүкіл қазақ



шықпайтын. Олар Ақанның жазғандарын жоғары бағалаған. Өзі үндемейтін кісі еді, көп сыр аша қоймаған. Мектепте жүргенде-ақ аудандық кітапхананың кітаптарын оқып бітірген. Оқымаған кітабы жоқ. Мұқағали Ақанды жақсы көретін. «Светіне, радиона, бәріне арнап өлең шығарамын» десе, оған Ақан мәз болатын еді, — деді ол.

Сауытбек Әбдірахманов қаламгердің шеберлігінен сыр шертті. «Жана алдында қаламгер туралы бейнебаянда «Есенберлиннің ерлігін қайталаған» деген өлең жолдары болды. Есенберлиннің «Қаһары» 1969 жылы шықса, Ақанның «Құланның ажалы» романы 1968 жылы жарыққа шықты. Сонда ол қалай Есенберлиннің ерлігін қайталайды? 1968 жылы Тахауи Ахтановтың «Боран» романы мен Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының бірінші кітабы шықты. Әрі Ақанның «Құланның ажалы» романын жазуы қазақ әдебиетіндегі проза үшін резонанс болды. Бұл — өз кезеңіндегі батылдығы, стильдік ерекшелігі, жана-шылдығы бөлек шығарма. Егер Ақан 60-қа жетіп, «Құланның ажалы» сияқты үш роман бергенде, қазақ әдебиеті ғажап оялағанда кенелер еді. Қазір қаламгердің осы туындысына жанаша қарайтын кез

үлкен талантынан айырылған екен, үлкен бір үмітінен айырылған екен» деп жазыпты. Ол кісі «Ақсу шоғыры» повесін классика деп бағалады. Повесте қандай қоныр мұң жатыр, осындай мұнмен қалай өмір сүреді екен?! Соған қызығып, кеше бұл туындыны қайта оқып шықтым. Шығармада бір ауылдың әлеуметтік жағдайы ғана сөз болмайды. Болат есімді кейіпкердің әкесі қайтыс болған. Анасы аудан орталығына кеткен. Өзі жапан далада мал бағып жүр. Үйде әкесінің мәйіті жатыр, жерлейтін ешкім жоқ. Осыдан-ақ сол уақыттарда қоғамдағы адамның қуны мен қадірін білеміз. Ақан ағамыздың шеберлігі сондай, кез келген шығармасының сюжеті фильмге бергісіз. Өйткені шығармасынан дайын кадрларды көріп отырарын, — деді.

Сондай-ақ конференция барысында Қостанай облысы Амангелді ауданы Ақан Нұрманов атындағы мектептің директоры Қуандық Шоңғалов «Ақан Нұрманов шығармаларының оқушыларға беретін тәрбиелік маңызы» атты баяндама оқыды. Жиын соңында жазушының туысы, тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Нұрманова мен Жомарт Нұрманов сөз сөйлеп, іс-шара өткізушілерге алғысын білдірді. Сонымен қатар жылы естелігімен бөліскендерге Ақан Нұрмановтың бейнесі басылған төсбелгіні тарту етті.

ЖАҒАНДЫ ЖАЯУ КЕЗГЕН ЖИҒАНКЕЗ

«Атың барда ел таны, желіп жүріп» дейтін еді бұрынғылар. Ал 73 жастағы қария Сәрсенбай Қотырашев әлемді атпен емес, жаяу аралауды жөн деп тапқан екен. Қария былтыр «Ұлытауға бардың ба?» деп аталатын жаяу марафонымен бүкіл Қазақстанды аралап, кешегі Асан қайғы секілді еліміздің көрікті жерлеріне көз сүйсінтіп өтіпті. Сонымен қатар ақсақал биыл әлемнің бірнеше жерін де аралап, жақында елге оралды. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дегендей, еліміз бен әлемнің көптеген жеріне табаны тиген ақсақалды біз де әңгімеге тарттық.



— Сәрсенбай ата, алдымен сіздің балалық шағыңыздың қалай, қайда өткенін білсек деп едік.

— 1950 жылы 15 қантарда Қарағанды облысы Жанарқа ауданы Атасу кентінде дүниеге келдім. Балалық шағым сол Жанарқа ауданында өтті. 1970 жылы орта мектепті тәмамдап, еңбекке араластым. Сонда 1994 жылға дейін тұрдым. Кейіннен Ұлытауға қоныс аудардым.

— Жаяу марафонға қатысу — екі адамның бірінің жүрегі дауалап бара беретін оңай шаруа емес. Бұл тәуекелге о баста қалай бел будыңыз?

— 2010 жылдан бастап Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығында жұмыс істей бастадым. Сонда сырттан, шетелден саяхатшылар көптеп келетін. Соларға қатты қызығатынмын. Туристер секілді мен де жер-жерді аралап, ел мен әлемнің көрікті жерлерімен танысам деген арманым болды. Осылайша, жеті жыл бойы жаяу марафонға дайындалдым. Елді жаяу аралағанда атымды шығару немесе рекорд орнатуды мақсат еткен жоқпын. Мақсатым — еліміздің көркем жерлерін өз көзіммен көру болды. Кең- байтақ Қазақстанның қасиетті жерін тану, өзгелерге насихаттау. Басында жақындарым «жасың болса 70-тен асты, не істейсін жаяу жүріп, одан да денсаулығыңды күт» деді. Кейін үш мақсатымды айтқан соң олар рұқсатын беріп шығарып салды.

— Ол қандай мақсат еді?

— Елді жаяу аралаудағы үш мақсатымның бірі — Ұлытаудың қазақ тарихында ерекше рөл атқаратынын көпшілікке насихаттау болды. Екінші мақсатым — Қазақстандағы қолөнер шеберлерінің тізімін жасақтау. Олармен кездесіп, бас қосу. Үшінші, ұмыт болып бара жатқан ұлттық қымызмұрындық мейрамын қайта дәріптеп, елге маңызын түсіндіру болды. Себебі дүниежүзінде жылқының бірінші болып қолға үйреткен — қазақ халқы. Бие сауып, қымыз ашытып, қымыз ішуді бастаған да қазақ. Осыдан 5 мың жыл бұрын қымыз мейрамы пайда болған. Елімізде қымыз мейрамы Қазан төңкерісіне дейін тоылаып келді. Кейін тыйым салынды. Кезінде Наурыз мейрамы секілді ұмытылып кетті. Ешкім біле қоймайды, білетіндер бірен-саран ғана. Осы орайда қымыз мейрамын қайта жандандыратын уақыт келді.

— Еліміздің өңір-өңір аралауда халықтың қандай ерекшеліктерін байқай алдыңыз? Қай өңір сізге қатты ұнады?

— Жаяу сапарымды көктемде Ұлытаудан бастап Ақтауда аяқтадым. Еліміздің барлық өңірінде болып, жаяу 8 мың шақырымнан астам жүріп өттім. Жолда қаранғы түспей елді мекенге жетсем, сонда қонып жүрдім. Ал иен далада қалып қойсам тігітін шатырым бар. Қазақстанды жаяу аралау барысында маған қатты әсер еткен ерекше өңір болды. Ол — оңтүстік жұрты. Ол жақта үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету, қазақшылық дәстүрі ерекше сақталған. Жүздері жылы, жүректеріне иман тұнған екен. Бейнетсіз еңбек жоқ дейді. Жол-жөнекей аздаған қиыншылық та болды. Арбам сынып,

аяккімім тозып қалды. Сынып қалған арбаны сүйретіп келе жатқанымды көрген бір кісі үйіне шақырып, арбамды дәнекерлеп, қондырып, қонақ етіп шығарып салды. Бұл арбамен шатыр, төсек-орын, керек-жарак құралдар және тамағымды алып жүрмін. Жалпы салмағы — 60 келі. Жолда тамақтан қиналған емеспін. Қазақ халқы дарқан ғой. Жол-жөнекей кездескен азаматтар тамағын, суын бар ма деп сұрап, салып беріп жатты.

— Қазақстанды жаяу аралаған соң әлемді де жаяу аралайын деп шештіңіз бе?

— Әлемді жаяу аралауға ұзақ уақыт ойланып, толғанып барып шешім қабылдадым. Қазақстанды жаяу аралап шыққаннан кейін біршама уақыт демалып, өзіме келіп алған соң енді әлемнің де көрікті жерлерін жаяу жүріп өткім келді. Шетелге шыққанда кішкене қо-



балжу болды. Мысалы, Ресей бұрынғыдай емес, мінез-құлықтары басқаша. Оған, әсіресе соңғы уақыттағы геосаяси жағдайлар мен соғыс өрті тұтануы себеп болды деп ойлаймын. Бірақ кавказ халықтары өте көп қолдап, қошемет көрсетті. Халқы қонақжай екен. Жаяу жүріп бара жатқанымда жүгіріп келіп, «Біздің үйге қоныңыз, қонағым боласыз, қонақ-үйді қайтесіз» деп қонаққа шақырды. Кір-қоныма дейін жуып берді.

— Сапар барысында қиындықтарға да кезіккен боларсыз?

— Жаяу марафон кезінде ауа райынан көптеген жайсыздық болды. Әсіресе, Қалмакияда аптап ыстықта құм араласқан жел борап тұрды. Ауа температурасы 48 градусқа дейін барды. Көліктің тоқтамай, жанап өтеді. Құдайдың берген қуатының, бойымдағы жігердің арқасында аман-есен жүріп өттім.

— Алдағы уақыттағы жоспарларыңызбен бөлісе отырсаңыз...

— Келесі Еуропа, Америка, Қытай, Моңғолия, Алтай өлкесін аралап қайтуды жоспарлап отырмын. Тәңір тілеуімді беріп, денсаулығым қалпында болса, ол күнді де нәсіп қылар. Тәңір жазса, екі жылда аралап өтемін деп талап қылып отырмын.

— Ойға алған істеріңізге сәттілік тілейміз, ата. Ұзақ жасаныз!

Сұхбаттасқан
Наурызбек САРША

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімі белгіленген басылым қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алашшы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г — 01.12.2003ж.)

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы

Саятхан САТЫАҒАН —
Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы

Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы

Баян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102

Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102

Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе оңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор —
Айхан ШӘРІП